

АДАМНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАР

1. Жеке тұлғаға қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы.
2. Өмірге қарсы қылмыстар.
3. Денсаулыққа қарсы қылмыстар.
4. Өмір мен денсаулыққа қауіп төндіретін қылмыстар
5. Адамның жыныстық дербестігіне және жыныстық еркіне қарсы қылмыстар

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабы - адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандығы ең жоғарғы құндылықтар деп жариялайды. 1961 жылғы Қаз ССР ҚК қарағанда бұл ҚР ҚК "Жеке адамға қарсы қыл-мыстар" бірінші тұр, ҚК Ерекше бөлімі содан басталады.

Адамның өміріне және денсаулығына, жыныстық тазалығына, бостандығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қастандық жасауға бағытталған қауіпті іс-әрекеттер жеке адамға қарсы қылмыстар деп танылады. Бұл текті қылмыстар жасалынғанда адамға елеулі зиян келеді не оның өміріне, денсаулығына, заңды құқықтары мен бостандығына қауіп төнеді. Мұндай қылмыстардың тектік (түрлік) объектісі - адамның жеке басы, ал тікелей объектісі - оның өмірі, денсаулығы, ар-намысы, қадір-қасиеті. Қылмыстың тікелей объектісіне байланысты бұл тарауды мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Өмірге қарсы қылмыстар (ҚК 96-102-баптары);
2. Денсаулыққа қарсы қылмыстар (ҚК 103-111, 114-116-баптары);
3. Өмірге және денсаулыққа қауіп төндіретін қылмыстар (ҚК 112, 113, 117-119-баптары);
4. Адамның жыныстық тазалығына және жыныстық бостандығына қарсы қылмыстар (ҚК 120-124-баптары);
5. Адамның және азаматтың жеке басының бостандығына қарсы қылмыстар (ҚК 125-128-баптары);
6. Адамның және азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстар (ҚК 129, 130-баптары).

"Жеке адамға қарсы қылмыстар" тарауына Заң шығарушы жеке адамға қарсы қылмыстар үшін жауаптылық көзделген жаңа құрамдар енгізілген, оларда қоғамға қауіпті мұндай іс-әрекеттердің қылмыстық-құқықтық нышандарға нақтыланған, сот практикасына сүйене отырып нақты қылмыстық іс-әрекет үшін қылмыстық жаза түрі қарастырылған.

2. Өмірге қарсы қылмыстар

Қазақстан Республикасының қазіргі қолданылып жүрген ҚК бойынша өмірге қарсы қылмыстарға мыналар жатады: адам өлтіру (ҚК 96-бабы); жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі (ҚК 97-бабы); жан күйзелісі жағдайында болған адам өлтіру (ҚК 98-бабы); қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру (ҚК 99-бабы); қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралардың шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру (ҚК 100-бабы); абайсызда кісі өлтіру (ҚК 101-бабы); өзін-өзі өлтіруге

дейін жеткізу (ҚК 102-бабы). Өмірге қарсы бағытталған осы қылмыстар, соңғы екеуінен басқасы, адам өлтірумен байланысты.

3. Денсаулыққа қарсы қылмыстар

Қазақстан Республикасының Конституциясы әр адамның денсаулығын қорғауға кепілдік береді (29-бап). Осы конституциялық ережені жүзеге асырудың бір нысаны- денсаулыққа қарсы жасалған қылмыс үшін жауаптылық белгілеу.

Денсаулыққа қарсы қылмыстарға денсаулыққа зиян келтірудің әр түрлі тәсілдері жатады, олар үшін жауаптылық ҚК 103-111-баптарында көзделген.

Денсаулыққа келген зиянның түрлері мен ауырлығын бағалаудың сот-медициналық критерийлерін бір ізге салу үшін Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Денсаулық сақтау Комитеті 1998 жылғы 4 мамырда бекіткен "Денсаулыққа келген зиянның ауырлығын сот-медицина тұрғысынан бағалаудың ережесі" маңызды рөл атқарады.

Бұл ережеге сәйкес денсаулыққа келген зиян үш дәрежеге - ауыр, орташа ауырлықтағы және жеңіл болып бөлінеді.

Денсаулыққа келген зиянның бұл үш түрін ажыратудағы негізгі критерий - өмірге қауіптіліктің, зиянның зардабының бар-жоғында. Жалпы және кәсіби еңбек қабілетін қаншалықты және қанша уақытқа жоғалтудың да маңызы бар. Бетті адам көргісіздей бүлдіргенде денсаулыққа ауыр зиян келгендігін анықтау үшін эстетикалық критерийлер қолданылады.

Өз денсаулығына өзі қастандық жасау қылмыстық жазаланатын іс-әрекет деп қаралмайды. Кейбір жағдайларда, егер кінәлі өз денсаулығына зиян келтіру арқылы басқа объектіге қол сұқса, онда бұл іс-әрекет қылмыс құрамының нышаны болып табылады (ҚК 326-бабы 2-бөлігінің "а" тармағы, 374-бабы).

Денсаулығына зиян келтіруге жәбірленушінің келісуі, жалпы ереже бойынша іс-әрекеттің қылмыстығын жоққа шығаратын мән-жай болып табылмайды.

Бірақ, емдеу процедураларын жасау кезінде ден-саулығы үшін мүмкін болатын тәуекелге еркімен келісу, сол келісімді берген адамның денсаулығына зиян келтірудің заңға қайшы екендігін жоққа шығарады.

Бұл қылмыстардың объектісі - адам денсаулығының қауіпсіздігін, яғни басқа адам ағзамының белгілі бір физиологиялық күшін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар болып табылады. Қылмыстық кодекс кез келген адамның денсаулығын, оның туғанынан бастап табиғи өлгеніне дейін, жасына және денсаулық жағдайына қара-мастан қорғайды.

Қылмыстың объективтік жағы - әрекет немесе әре-кетсіздік арқылы басқа адамның денсаулығына заңға қайшы зиян келтіру. Кінәлі адамның іс-әрекеті мен денсаулыққа зиян келтіру түріндегі қылмыстық зардап арасындағы себептік байланыс қылмыстың міндетті нышаны болып табылады. Денсаулыққа зиян келтіретін әрекеттер қылмыстық болып

табылады, егер олар заңға қайшы жа-салса және олар қылмыстық заңда көзделсе.

Адам денсаулығына әсер етудегі кінәлінің әрекеті механикалық, химиялық жолмен күш жұмсау, жылу қолдану (кейде психикалық та) арқылы болуы мүмкін.

Адам денсаулығына әрекетсіздік танытып та зиян келтіруге болады. Қылмыстың бұл қарастырылып отырған құрамдары материалды, яғни кінәлінің қылмыстық әрекетінің нәтижесінде басқа адамның денсаулығына зиян келген жағдайда ғана қылмыс аяқталған деп саналады. Денсаулыққа қарсы қылмыс дегеніміз - заңға қайшы әрекет арқылы басқа адамның денсаулығын зақымдау, дененің анатомиялық бүтіндігін бұзу не қандай да мүшенің немесе жалпы ағзаның жұмысын қалыптан шығару.

Денсаулыққа зиян келтіру түсінігі- бұл ең алдымен, заңға қайшы әрекет деген сөз.

Заңға сәйкес қажетті қорғану, өте қажеттілік, қылмыс жасаған адамды ұстау жағдайында басқа адамның денсаулығына зиян келтіру - қылмыс деп саналмайды. Денсаулыққа зиян келтірудің ерекше санатына спорт жарақаты жатады, егер спортшы жаттығу немесе жарыс кезінде ереже бұзбай денсаулығына зақым келтірсе, онда оны кәсіби тәуекелге жатқызуға болады. Ал, денсаулығына, тіптен жарыс кезінде болса да, қасақана зиян келтірсе, қылмыстық жауаптылық болуға тиіс. Кубаның қылмыстық заңында мынадай арнайы норма бар: спорттың рұқсат етілген түрлері бойынша жарыс кезінде ойын ережесін бұза отырып денсаулыққа қасақана зиян келтірсе - жалпы негізде жауаптылық көтереді; егер жарақат абайсызда алынса, бірақ спорт ережесі бұзылса - абайсызда әрекет ретінде жауаптылық көзделеді; ал, жарақат абайсызда алынып және де спорт ережесі бұзылмаса қылмыстық жауаптылық болмайды. Спорт ережелерінің бұзылуымен келіскен төреші қылмысқа қатысушы ретінде саналады.

Денсаулыққа зиян келтірудің объективтік жағы қасақана кінәмен де, абайсыз кінәмен де сипатталады. Айыпкер өзінің қоғамға қауіпті әрекетінің салдарынан басқа адамның денсаулығына зиян келетінін ұғынады, ондай зардаптың мүмкін екендігін немесе қалай да болатындығын алдын ала біледі, соны тілейді (тікелей ниет) және соған саналы түрде жол береді не оған немқұрайды қарайды (жанама ниет).

Көп жағдайда, денсаулыққа зиян келтіру ниетінде нақтыланған сипат болады, яғни басқа адамның денсаулығына зиян келтіргенде кінәлі оның болатын нақты зардабын алдын ала біледі. Мысалы, басқа адамның ағзасына препарат енгізгенде, кінәлі ол адамның соқыр болып қалатынын біледі.

Егер осындай нақтыланған ниетті кінәлі, өзіне байланысты емес себептермен жүзеге асыра алмаса, онда ол денсаулыққа тиісті ауырлықта зиян келтіруге оқталған ниетінің мазмұнына сәйкес жауаптылық көтереді.

Басқа адамның денсаулығына зиян келтірген адамның ниетінде, кейде, нақтылық болмайды. Жәбірленушінің денсаулығына қандай да бір

зиян келуі мүмкін екендігін кінәлі алдын ала біледі, соны тілейді немесе оған саналы түрде жол береді, бірақ өзінің іс-әрекеттерінің салдарынан жәбірленушінің денсаулығына қандай дәрежеде зиян келетіндігіне немқұрайды қарайды. Бұл жағдайда, жәбірленушінің денсаулығына іс жүзінде келген зиянның сипатына қарай жауаптылық болады, себебі қандай зардап болса да кінәлінің ниетімен жасалған.

Денсаулыққа қарсы қылмыстардағы кінәнің абайсыз нысанына қылмыстық менмендік немесе қылмыстық ұқыпсыздық жатады.

Денсаулыққа заңға қайшы зиян келтірудің себептері әр түрлі болады. ҚК 103-бабында және 104-баптың 2-бөлігінде көзделген, денсаулыққа қасақана зиян келтірудің субъектісі 14 жасқа толған адам бола алады. Денсаулыққа қарсы басқа қылмыстарда жауаптылық 16 жастан бастап қарастырылған.

4. Өмір мен денсаулыққа қауіп төндіретін қылмыстар

Өлтіремін деп немесе денсаулыққа ауыр зиян келті-ремін деп, сол сияқты адамның жеке басына өзге ауыр күш жұмсаймын не мүлікті өртеп құртамын деп, жары-лыс жасап немесе өзге жалпы қауіпті тәсілмен қорқыту арқылы адамға психикалық қысым жасауды көздеген әрекеттер қылмыстың объективтік жағын құрайды. Қорқыту сөздері көздеген құрбанның өзіне тікелей немесе үшінші адам арқылы айтылуы мүмкін (ауызша, жазбаша, телефон арқылы, т.б.).

Бұл қылмыстың міндетті нышаны - қорқытудың бос сөз еместігінде, яғни қорқытудан сақтану керектігіне негіздің болуы. Өз атына айтылған қорқытуды жәбірленуші бос сөз немесе қалжың деп санамайды, оның жүзеге асуы мүмкін екендігіне сенеді. Ол сенімді кейбір факторлар күшейтеді: нақты қалыптасқан жағдай, уақыт, орын, кінәлінің мінездемесі, оның жүріс-тұрысы, бұрын сотталғандығы, т.б.

Қорқытуды жәбірленушінің субъективтік қабылдауында сақтықтың объективтік негіздері болуы тиіс. Бұл жерде, айтылған қорқытуды кінәлі келешекте жүзеге асырғысы келе ме, келмей ме, әңгіме онда емес, ең бастысы қорқытудың жүзеге асатынына құрбанның сенуінде.

Бұл қылмыс формальды құрамға жатады, яғни басқа адамның өміріне немесе денсаулығына қорқыту айтылған кезден бастап ол аяқталған болып саналады.

Қылмыстың субъективтік жағы тікелей ниет нысанындағы кінәмен сипатталады. Кінәлі өзінің басқа адамды қорқытып отырғанын ұғынады, сол әрекеттерді жасауды тілейді. Қылмыстың себептері мен мақсаты әрқилы, олар саралауға ықпал жасамайды.

Қылмыс субъектісі - жасы 16-ға толған, есі дұрыс адам.

Ауыстырып салу не өзгедей пайдалану үшін адамның органдарын немесе тінін алуға мәжбүр ету.

Бұл норма қылмыстық заңға бірінші рет кіріп отыр, ол үш бөліктен тұрады және ауыстырып салу не өзгедей пайдалану үшін адамның органдарын немесе тінін алуға мәжбүр еткендік үшін қылмыстық жауаптылық көздейді.

Емдеу тәсілі ретінде органдарын немесе тінін ауыстырып салу науқас пен донорды қамтитын бір операция болып табылады. 1997 жылғы 19 мамырдағы "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау тура-лы" Заңының 31-бабында органдарды немесе тінді ауыстырып салу үшін адам, адам мәйіті, жануар донор бола алады делінген. Адам органы коммерциялық мәміле заты бола алмайды. Басқа адамның органдарын немесе тінін мәжбүрлеп алуға жол берген адам қылмыстық жауапқа тартылады.

Қылмыс объектісі - адамның өмірі мен денсаулығы, ал қылмыс заты - кез келген орган немесе тін.

Қылмыстың объективтік жағы ауыстырып салу не өзгедей пайдалану үшін органды немесе тінді алуға донорды мәжбүрлеу әрекетімен (күш жұмсап немесе психикалық қысым жасап) сипатталады. Бұл ретте күш жұмсау немесе күш жұмсайын деп қорқыту арқылы донордың келісімінсіз кінәлі өз мақсатына жетеді.

Күш жұмсау дегеніміз - жәбірленушінің денсаулығына жеңіл (ҚК 105-бабы) немесе орташа ауырлықтағы (ҚК 104-бабы) зиян келтіру немесе оны ұрып-соғу (ҚК 106-бабы).

Таңдап алған "донордың" денсаулығына ауыр зиян келтірген немесе ол өлген жағдайда іс-әрекет ҚК 103-ба-бы екінші бөлігінің "и" тармағы бойынша немесе 96-ба-бының 2-бөлігінің "м" тармағы бойынша сараланады. Психикалық қысым жасағанда жәбірленушінің атына өлтіремін немесе денсаулығына ауыр зиян келтіремін деген қорқыту айтылады.

Қылмыс құрамы формальды. Ол қылмыстық іс-әрекет (алуға мәжбүрлеу) жасалған кезден бастап аяқталған болып саналады, қылмыстық нәтижесінің болғандығы, яғни жәбірленушінің донорлыққа келісім берген-бермегендігі маңызды емес.

Қылмыстың субъективтік жағы тікелей ниет нысанындағы кінәмен сипатталады, кінәлі өзінің жәбірленушіні органды немесе тінді алуға мәжбүрлеп отырғанын ұғынады, соны тілейді. Қылмыстың себебі - басқа адам-ның денсаулығын құрбан етіп жақын адамға көмектесу ниеті, сондай-ақ бас пайданы ойлау. Мақсат - жәбірленушінің органдарын немесе тінін ауыстырып салу немесе өзгедей пайдалану үшін алу.

Қылмыс субъектісі - жасы 16-ға толған, есі дұрыс адам. ҚК 113-бабының 2-бөлігі бұл қылмыстың сараланған құрамын қарастырады, олар:

а) кінәліге дәрменсіз күйде екендігі көрінеу немесе кінәліге материалдық немесе өзге тәуелдіктегі адамға қатысты;

б) көрінеу кәмелетке толмағанға қатысты;

в) екі немесе одан да көп адамға қатысты жасалған іс-әрекеттер.

2-бөлігі бойынша саралау үшін жәбірленушінің келісімі болуы міндетті емес. "Дәрменсіз күй", "материалдық немесе өзге тәуелділік", "екі немесе одан да көп адамға қатысты" түсініктер жоғарыда ашылған. ҚК 113-бабы 2-бөлігінің "б" тармағы бойынша жауаптылық жәбірленушінің 18 жасқа толмағанын кінәлі білген жағдайда болады.

ҚК 113-бабының 3-бөлігінде сол баптың 1 және 2-бөліктерінде көзделген іс-әрекеттерді жасап абайсызда донорды өлтіріп алғандық немесе басқа да ауыр зардаптар болғандық үшін (организм функциясының бұзылуы, еңбек қабілетін жоғалту, т.б.) жауаптылық белгіленген.

5. Адамның жыныстық дербестігіне және жыныстық еркіне қарсы қылмыстар

Нәпсіқұмарлық адам бойына біткен табиғи қасиет. Ол, негізінен, мораль принциптері, неке бойынша және де некеден тыс жыныстық ара қатынастарын реттейтін заңдардың нормалары бойынша шектеледі.

Адамның жалпы еркіндігі мен дербестігі жыныстық еркіндікті де, ересек адамның нәпсіқұмарлық тәбетті қандай нысанда кіммен қанағаттандыратынын өзі шешетін дербестікті де қамтиды және де ересек адамның да, кәмелетке толмағанның да жыныстық дербестікке құқығы бар деген мағына береді. Қылмыстық заң (ҚК 120-124-бап-тары) бұл құқықтарды қоғамда қалыптасқан жыныстық мораль нормаларына көрінеу қайшы іс-әрекеттерді жасауға тыйым салу арқылы қорғайды.

Жыныстық дербестікке қарсы қылмыстар дегеніміз - қылмыстық заңда қарастырылған, 16 жасқа немесе 14 жасқа толмаған адамның жыныстық дербестігіне, дене бітімінің және психикалық қалыпты дамуына, ересек адамның жыныстық еркіндігіне немесе қоғамда қалыптасқан жыныстық қатынас ғұрпына қауіпті қастандық.

Бұл қарастырылып отырған қылмыстардың қоғамға қауіптілігі сол, олар адамның жыныстық еркіндігі мен жыныстық дербестігіне елеулі нұқсан келтіреді, кәмелетке толмағандарды бұзады, олардың дене бітімі мен ішкі жан дүниесінің дамып қалыптасуына теріс ықпал жасайды, қоғамдық моральды бүлдіреді. Бұл жаңа қылмыстық заңның өзгешелігі сонда, бұрынғы ескі заңда ауырлататын мән-жайларда әйел зорлағандық үшін өлім жазасы қарастырылған болатын (ҚК 101-бабының 4-бөлігі).

Бұл қылмыстар тобының объектісі - жыныстық еркіндік пен жыныстық дербестік, ол кейбіреулерінің қосымша объектісі - балалар мен жасөспірімдердің қалыпты дамуы. Жәбірленушіге сипаттаманы әрбір бап бойынша бөлек, заңның мәні бойынша беру керек, жәбірленуші жасына қарамай әйел де, ер адам да болуы мүмкін, яғни екі жыныстың да адамдарын бірдей қорғау қылмыстық заңда көзделген.

Жыныстық қылмыстардың объективтік жағы кінәлі адамдардың Қылмыстық кодекстің диспозициясында немесе басқа бабында анықталған заңға қарсы әрекеттерінің сипатынан көрініс табады. Құрамдар, негізінен, формальды. Кейбір жыныстық қылмыстардың саралаушы нышанының бар екендігін мойындау үшін кінәлінің әрекеттері мен болған саралаушы зардаптар арасындағы себептік байланысты анықтау қажет.

Бұл топтағы қылмыстардың субъективтік жағы тікелей ниетпен сипатталады.

Қылмыс жасаудағы себеп, негізінен, нәпсіқұмарлық, бірақ басқа да себептер болуы мүмкін.

Жыныстық қылмыстардың субъектісі - 16 жасқа толған екі жыныстың да адамдары болуы мүмкін. Зорлаудың (ҚК 120-бабы) және нәпсіқұмарлық сипатындағы күш қолданудың (ҚК 121-бабы) субъектісі 14 жасқа толған адамдар.

ОТБАСЫНА ЖӘНЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАР

1.Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы. 2.Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың жеке құрамдары.

3.Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар.

4.Отбасына қарсы қылмыстар.

Қазақстан Республикасы 1995 жылғы Конституция-сының 27-бабында: "неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады" - делінгені мәлім. Қоғам мүшелерінің, оның ішінде, жас мүшелерінің өмірі мен денсаулығын қорғаудың нысандары мен тәсілдері әр алуан және бұл игіліктерді қамтамасыз етуде жалпы құқықтың, оның ішінде, қылмыстық құқық саласының орны ерекше. Сондықтан да мемлекет қылмыстық-құқықтық шараларды пайдаланып кәмелетке толмағандардың өмірі мен денсаулығына, сонымен бірге отбасылық қатынастарға қол сұғатын қоғамға қауіпті әрекет-әрекетсіздіктермен күрес жүргізеді.

Қылмыстық-құқықтық шаралардың күшімен аталған қоғамдық қатынастарды қорғаудың мәні кәмелетке толмаған адамның мүддесін қорғау, оның жеке тұлғасының дұрыс қалыпта интеллектуалдық және адамгершілік жағынан қалыптасуы үшін жеткілікті жағдайлар туғызумен байланысты. Өз кезегінде бұл жағдайлар отбасында қалыптасатын өзара қарым-қатынастардың сәттілігімен ұштасады. Міне, сондықтан да кәмелетке толмағандарды қорғау - жалпы отбасылық қатынастарды қорғаумен біртұтас мәселе.

Қазіргі өткінші тарихи кезеңде жаңа қоғамдық қатынастарға көшу және осыған байланысты туындаған күрделі өзгерістер қарапайым халықтың өмір сүру деңгейін күрт төмендетіп, кедейлікке ұшыраған отбасылар санының күннен күнге өсуіне алып келеді. Ал мұндай отбасыларында олардың балаларының үйінен кетіп қалуына, тіпті ата-ана некесінің бұзылуына ықпал ететін күрделі психологиялық жағдайлар орын алатыны белгілі. Ерлі-зайыптылардың ажырасу фактілері жиілеп, ал некесіз туылған балалардың саны өсе түсуде. Елде етек алып келе жатқан "әлеуметтік жетімдік", яғни ата-аналары бар, бірақ көшеде қалған немесе мемлекеттік тәрбиелену мекемелерінде (балалар үйінде) тәрбиеленіп жатқан балалар санының өсуіне әкеледі.

Кәмелетке толмағандарды қылмыстық қол сұғынушылықтан қорғауға бағытталған нормалардың Қазақстан Республикасы қылмыстық заңында орын алуы 1989 жыл-ғы дүниежүзілік "Балалардың құқықтары туралы" Конвенциясының ережелеріне сәйкес келеді. Мұндай нормалардың қылмыстық заңға енгізілуі жас тұлғаның дене құрылысының толық жетілмеуімен, сондай-ақ ересек адамдарға қарағанда кәмелетке толмағандардың қылмыстық қол сұғынушылыққа төтеп беру мүмкіндіктерінің белгілі шамада шектелгендігімен және олардың жас,

психологиялық және әлеуметтік жағынан әлі де болса толық дамып қалыптаспағандығымен түсіндіріледі.

Бұрынғы 1959 жылғы 22 июльдегі Қазақ ССР-нің Қылмыстық кодексімен салыстырғанда 1998 жылы 1-қаңтарда күшіне енген қазір қолданыста жүрген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде кәмелетке толмағандар мен отбасына қарсы жасалатын қылмыстар үшін жауаптылық қарастырған баптардың саны едәуір өскен. Мысалы, 1959 жылғы Заңда тек жасы кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың небәрі алты түрі ғана көрсетілген еді. Олар - жасы он алтыға толмаған қызбен жыныс қатынасын жасау (102-бап), жас балаларды аздыру (103-бап), неке жасына жетпеген қызбен іс жүзінде некелі жағдайда тұру (105-бап), балаларды асыраудан немесе тәрбиелеуден бұлтару (112-бап), опекундық праволарын пайдаланып, қиянат жасау (113-бап), біреудің баласын ұрлау (116-бап).

Ең бастысы, жаңа заңда отбасы мен кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар үшін жауаптылықты қарастыратын нормаларға, өз алдына бір тарау арналған. Бұл біздің жаңа қылмыстық заңымыздың отбасы мен кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жоғарғы деңгейге көтеріп отырғанын дәлелдейді.

Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 131-140-баптарында көрсетілген қылмыстарды қамтиды.

Бұл тарауға кіретін қылмыстардың топтық объектісі отбасын қорғау, ата-аналардың және асырап алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сонымен бірге кәмелетке толмағандардың дене, интеллектуалдық және адамгершілік тұрғыда дамып қалыптасуын реттейтін қоғамдық қатынастар болып табылады. Ескеретін жағдай мынада - бұл тарауда түрлі мүдде қорғалған деп айтуға болады. Олар: отбасының мүддесі, ата-ана және асырап алушының мүддесі, жасы кәмелетке толмағандардың мүддесі.

Бұл қылмыстың тікелей объектісі - кәмелетке толмаған адамның жеке тұлғасының қалыптасуымен немесе отбасының қалыпты өмір сүруімен байланысты нақты қоғамдық қатынастар.

Топтық объектілеріне байланысты бұл тарауға кіретін қылмыстарды мынадай топтарға жіктеуге болады:

1. Кәмелетке толмағанның жеке тұлғасының қалыпты адамгершілік және денесінің дұрыс дамуына қол сұғатын қылмыстар: кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту (131-бап), кәмелетке толмаған адамды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту (132-бап), кәмелетке толмаған адамды саудаға салу (133-бап), баланы ауыстыру (134-бап).

2. Кәмелетке толмағандардың мүддесіне және отбасылық құқықтық қатынастар саласындағы басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қол сұғатын қылмыстар: бала асырап алу құпиясын жария ету (135-бап), балаларын немесе еңбекке жарамсыз балаларын асырауға арналған қаражатты төлеуден әдейі жалтару (136-бап), кәмелетке толмаған

баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау (137-бап), балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау (138-бап), қамқоршы немесе қорғаншы құқықтарын теріс пайдалану (139-бап), еңбекке жарамсыз жұбайын (зайыбын) асыраудан әдейі жалтару (140-бап).

Жәбірленушілер ретінде жасөспірімдер, кәмелетке толмағандар, ата-аналар және асырап алушылар танылады. Жәбірленушілердің заңды мүдделері олардың жасына, интеллектуалдық даму деңгейіне, денсаулық жағдайына қарамастан заңмен қорғалады.

Жасөспірімдер деп жасы он төртке толмаған балалар саналады. Ал кәмелетке толмағандар қатарына жасы он төртке толған, бірақ он сегізге жетпеген адамдар жатады.

Бұл қылмыстардың көпшілігінің объективтік жағы әр түрлі әрекеттермен жасалады. Он қылмыстың төртеуі ("балаларын және еңбекке жарамсыз ата-аналарын асырауға арналған қаражатты төлеуден әдейі жалтару", "кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау", "балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау" және "еңбекке жарамсыз жұбайын (зайыбын) асыраудан әдейі жалтару)" әрекетсіздік жолмен де жаса-лады.

Аталған қылмыстар өзінің құрылымы жағынан формальды құрамды болып есептеледі, яғни объективтік жағының міндетті белгісі ретінде қандай да бір қоғамға қауіпті зардаптың тууын қарастырмайды.

Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың субъективтік жағы 138-бапта қарастырылған "балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау" қылмысынан басқа қылмыстар кінәнің тікелей қасақаналық түрімен сипатталады. Бірқатар қылмыстарда субъективтік жағының міндетті белгісі ретінде пайдакүнемдік немесе опасыз арам ниеттер көрсетілген.

Бұл қылмыстардың субъектілері болып жасы 18-ге толған кез келген есі дұрыс адам, не ата-аналар, педагог немесе кәмелетке толмағанды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер жүктелген басқа да адамдар, еңбекке қабілетті кә-мелетке толғандар және мемлекет қызметкерлері саналады. Ал кәмелетке толмаған балаларды саудаға салу және баланы ауыстыру қылмыстары бойынша жауаптылық он алты жастан белгіленген.

АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАР

- 1.Адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын қылмыстардың жалпы сипаттамасы.
- 2.Адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстардың түсінігі және түрлері.
- 3.Саяси құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыстар.
- 4.Адамның және азаматтың әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар.
- 5.Жеке құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыстар.
- 6.Аталған қылмыс санаттарының жекелеген құрамдарын саралау ерекшеліктері.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабы, біздің елімізде адам құқықтары мен бостандықтарының танылатынын және оларға кепілдік берілетінін анықтайды. Конституцияның 2-бөлігінде жарияланған адам құқықтары мен бостандықтары құқықтың барлық сала-ларымен, соның ішінде қылмыстық-құқықтық саламен де қорғалады.

ҚК 3-тарауы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қарсы қиянат жасағаны үшін жауаптылықты қарастыратын нормаларды құрайды. Аталған қылмыстық тектік объектісі адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтары болып табылады.

Объективтік жағынан қарастырылып отырған қылмыстың көпшілік тобы әрекет арқылы жасалады, бірақ кейбірі әрекетсіздік арқылы да жасалуы мүмкін (ҚК 152, 154-баптары). Қарастырылып отырған ҚК-тің тарауында формальды (ҚК 141, 143, 147, 149, 151, 153, 155-баптары) және материалды (ҚК 142, 148, 150, 152-баптары) құрамдар бар. Жекеленген баптарда қылмыс жасау тәсілі, қылмыс құрамының міндетті белгісі ретінде көрсетіледі (ҚК 151, 153, 155-баптары).

Осы қылмыс тобының формальды құрамы субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен, ал материалды құрамы тікелей және жанама қасақаналықпен жасалады. ҚК 144 (Дәрігерлік құпияны жария ету) және 152-баптары (Еңбекті қорғау ережелерін бұзу) абайсыздықпен де жасалуы мүмкін.

ҚК тек 141 және 148-баптарында ғана қылмыс себебі міндетті белгі ретінде көрсетілген.

Мақсат, міндетті белгі ретінде қарастырылып отырған қылмыс тобының бірінде де көрсетілмеген.

Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстың субъектісі 16 жасқа толған ақыл-есі дұрыс тұлға бола алады. Кейбір құрамдарда арнайы субъект қарастырылған (ҚК 144, 147, 148, 150-баптары).

Тікелей объектіге байланысты адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмысты мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Саяси құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар (ҚК 141, 146, 147, 150, 151 153-баптары);
2. Жеке құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар (ҚК 142-145, 149-баптары);
3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбек қатынасы саласындағы құқық қорғауға қарсы қылмыстар (ҚК 148, 152-баптары);
4. Ақпарат саласындағы құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыстар (ҚК 155-баптары).

Азаматтардың тең құқықтылығын бұзу

Қарастырылып отырған бапта ұлттық және нәсілдік тең құқықтылығын бұзғаны үшін, сонымен қатар азаматтың тең құқықтылығын тегі, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге көзқарасы, сенімі, тұрғылықты жері, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығы себептерімен азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіргені үшін жауаптылықты көздейді.

Осы қылмыс, тегіне, жынысына, ұлтына, нәсіліне, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына байланыссыз бәрінің теңдігі туралы конституциялық құқығына қиянат жа-сайды (Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабы).

Қылмыс объектісі - Қазақстан Республикасы Конституциясымен анықталған азаматтардың тең құқықтылығы болып табылады.

Қылмыстың объективтік жағы нәсілдік, ұлттық қатыстығына, жынысына, тіліне және т.б. байланысты азаматтардың құқықтарын шектеумен көрінеді, бірақ тұлғаның қандай да бір жекеленген сапасына қатысты емес. Азаматтың конституциялық құқығын шектеу бір жыныстағы тұлғаның ұлтына, дініне қарай артықшылығын қам-тамасыз ету үшін басқа жыныстағы тұлғаның ұлтына, дініне қарай (жұмысқа қабылдауда немесе одан босатуда, сайлау серіктестігін өткізуде, мадақтауға, наградалауға ұсынуға және т.б. құқығы мен бостандығына) қысым көрсетуден тұрады.

Егер ұлттық, діни және басқа да теріс ұғымдар азаматтың тең құқықтылығын бұзуда негіз болып табылмаса, онда олар қылмыс ретінде қарастырылмайды.

Қылмыс осы баптың диспозициясында көрсетілген іс-әрекеттерді жасаған уақыттан бастап аяқталған деп саналады. Зардаптың түсуі міндетті емес. Қылмыс құрамы формальды.

Бұл қылмыс тек тікелей қасақаналықпен жасалады. Кінәлі, азаматтың Конституциямен кепілдік берілген тең құқықтылығын бұзғанын ұғынады, азаматтың құқығына және заңды мүдделеріне зиянның түсуі мүмкіндігін немесе түспей қоймайтындығын алдын ала көріп біледі және осы зиянның түсуін тілейді. Қылмысты жасау себептері сан алуан болуы мүмкін: басқа ұлт өкілдеріне деген өшпенділік, сол немесе өзге діннің жалған артықшылығына сендіру және т.б.

ҚК 141-бабының 1-бөлігі бойынша қылмыстың субъектісі - қылмыс жасау кезінде 16 жасқа толған ақыл-есі дұрыс тұлға болуы мүмкін.

ҚК 141-бабының 2-бөлігі адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не қоғамдық бірлестіктің жетекшісінің азаматтардың тең құқықтылығын бұзуын дәрежелеуші белгілері ретінде қарастырады. Тұлға өзінің қызмет бабын пайдалана отырып немесе қоғамдық бірлестіктің жетекшісі жасаған азаматтың тең құқықтылығын бұзу мына-дай жағдайларда көрінуі мүмкін: мысалы, заңсыз сыйлық, ақы, жәрдем ақы, еңбек ақысына үстеме, зейнет ақы беруде, әдейі қызметке заңсыз тағайындауда және т.б. Егер, азаматтың тең құқықтылығын бұзуды өзінің қызмет ба-бын пайдалана отырып, қызмет адамы жасаса және бұл азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерінің айтарлықтай бұзылуына әкеп соқса, онда бұл іс-әрекет ҚК 307-бабы бойынша дәрежеленуі тиіс.

ҚК 141-бабында жазылған қылмыс ұлттық, нәсілдік және діни араздықты, ұлттық намысты кемсітуді қоздыруға бағытталмағандықтан, оны әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздырудан (ҚК 164-бабы) ажырата білу керек.

Нәсілдік, ұлттық, рулық, әлеуметтік, таптық немесе діни төзбеушілікті немесе артықшылықты уағыздайтын немесе оны іс жүзінде жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер құру ҚК 337-бабының 2-бөлігі бойынша жауаптылықты көздейді.

БЕЙБІТШІЛІК ПЕН АДАМЗАТ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАР

Заманымыздың аса маңызды өркениетті әлеуметтік құндылықтарының бірі ретінде және оның қалыпты түрде одан әрі дамуына немесе бүтіндей қоғамның не адамның мүдделеріне нұқсан келтірмеуіне қажетті шарттардың бірі болып бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі танылады.

1997 жылдың 16 шілдесінде қабылданған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексімен қорғалатын қылмыстық-құқықтық объектілерінің бірі ретінде бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі болып отыр.

Жаңа ҚК Ерекше бөлімінде жеке тарау ретінде бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар бөлініп қарастырылады.

Заң әдебиеттерінде айтылғандай бейбітшілікті, адамзатты қорғауды және бүкіл дүниежүзілік халықаралық қауымдастықтың ғұмырлық мәні бар мүдделерін қамтамасыз етуге тұғыр болатын халықаралық құқық қағидаларын бұрмалауға немесе бұзуға апарып соқтыратын және де адамның жеке басына аса қауіп төндіретін құқыққа қайшы әрекеттер халықаралық қылмыстар деп танылады.

Халықаралық құқық бойынша бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың жауаптылығын белгілейтін нормалардың бастауы болып екінші дүниежүзілік соғыстың тұтануына кінәлі Германияның басты әскери қылмыскерлері мен Токио Халықаралық әскери трибуналық

Жарғысы болып есептеледі. Бұл Жарғыда адамзатқа қарсы қылмыстардың анықтамасы белгіленбесе де ондай әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершіліктің негіздері орын ала отырып, олар белгілі бір реттілікпен топтастырылған болатын.

1947 жылы 177 БҰҰ Бас Ассамблеясы резолюция-сымен, халықаралық құқық Комиссиясына бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар туралы Кодекс жобасын жасауды тапсырды (осы уақытқа дейін осы қылмыстардың жаңа, ресми атауының қалыптасуының қатыстылығы бар). Аталған жобаны талқылау мен ол туралы жұмыстың мерзімі он жылдың ішінде аяқтала қойған жоқ, тек 1991 жылы халықаралық құқық Комиссия-сы өзінің 43-ші сессиясында алдын ала тәртіп бойынша Кодекс жобасының алғашқы оқылымында қабылданып, БҰҰ Бас Хатшысы арқылы үкімет басқармаларына талқылауға жібертілді. Кодекстің жобасы, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар қатарына 12 құрамды енгізген:

- 1) агрессия;
- 2) агрессиямен қорқыту;
- 3) басқа бір мемлекеттің ішкі немесе сыртқы ісіне араласу;
- 4) отаршылдық үстемдік;
- 5) геноцид;
- 6) апартеид;
- 7) адамның құқықтарын жүйелі түрде жаппай бұзу;
- 8) айрықша қатерлі әскери қылмыстар;
- 9) жалдамалы адамдарды тарту, пайдалану, қаржы-ландыру және дайындау;
- 10) халықаралық терроризм;
- 11) есірткі заттардың заңсыз айналымы;
- 12) қоршаған ортаға алдын ала ауыр зиян келтіруді ойластыруы арқылы жүзеге асыру.

Қалыптасқан тәжірибе бойынша, халықаралық құқықтық актілерде әрекеттің қылмыстығы белгіленгенімен де жазаның мөлшері мен мерзімі (санкциясы) белгіленбеген. Әдеттегідей, әдебиеттерде аталған халықаралық қылмыстар үшін тағайындалатын жаза түрлері әрбір мемлекеттің арасында өз қылмыстық заңдарына сәйкес қолданылады деп сілтеме жасайды.

Аталған кодекстің жобасы, Нюрнберг Жарғысымен салыстырғанда, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың шеңберін едәуір көбейткен. 22 мемлекеттен түскен ескертудің болуы өзгертулер мен толықтырулар есебінде аталған жобаға септігін тигізді. Басқа мемлекеттің ішкі немесе сыртқы ісіне араласу, отаршылдық үстемдік, апартеид, адамның құқықтарын жүйелі түрде бұзу, жалдамалық, халықаралық терроризм, есірткі заттардың заңсыз айналымы, қоршаған ортаға алдын ала ауыр зиян келтіруді ойластыруы, жүзеге асыруы сияқты қылмыс құрамдарын кодекске енгізілуіне шартты түрде қарсылық білдіреді.

Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың бұл классификациясын даусыз не болмаса біртұтас деп айтуымызға болмайды. Мысалы, басқа тұрғыда, яғни халықаралық қылмыстардың тізімі, халықаралық қылмыстық сот уставы жобасының 20-бабында өзгеше белгіленген.

Аталған топтастыруды, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарды белгілейтін кодекс жобасымен салыстырсақ анағұрлым даулы не болмаса бәсеке тудырады, себебі бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың қатарына халықаралық сипаттағы қылмыстар жатқызылған, деген Б.В.Здравосмысловтың басылымымен жарық көрген Ресей Федерациясы қылмыстық құқығы Ерекше бөлімі оқулығының авторларының пікірімен келіскеніміз жөн. ҚР-ның жаңа Қылмыстық кодексінде мұндай қылмыстар жөніндегі нормалар да қамтылған. Олар: жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау немесе сату; адамды кепілге алу; есірткі заттардың заңсыз айналымы; әуе кемесін заңсыз айдап әкету сияқты т.б. көптеген баптар.

Жинақталған халықаралық актінің қабылдануына кедергі келтіріп отырған бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар үшін қылмыстың жауаптылықтың күрделі мәселелерінің бірі ретінде осы күнге дейінгі реттелген халықаралық сот органы туралы мәселелердің сұрақтары болып отыр.

Мысалы, АҚШ елдері мұндай қылмыстар үшін қудалау тәртібі көрсетілмегендіктен, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар туралы кодекстің қабылдауына қарсылық білдірді. АҚШ үкіметі бұл қылмыстардың түрімен күресудің тиімділігін, жобаны өндеуді жалғастырудан емес, керісінше, аталған қылмыстарды тергеуде және кінәлі адамдарды жауапқа тарту үшін елдердің арасындағы қауымдастықты күшейту қажет деп тапты.

Дегенмен де, бірқатар мемлекеттердің талқылауымен Комиссияның 46-шы сессиясында 1994 жылғы ма-мыр-шілде аралығында, Халықаралық қылмыстық соттың жобасы өңделді. Сонымен, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарға жататын әрекеттерді анықтау мәселесі халықаралық құқықта әзірше шешілмеген күйінде қалып отыр және оның бәсекелік мәселелері әзірше шешілмегендіктен ұзаққа созылмақшы, бұл әрине, ұлттық қылмыстық заңда анықталуын едәуір қиындыққа әкеп соқтырады.

Мұндай мәселе Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінің жобасын өңдеушілерінің алдында да тұрды. Бірақ бұл бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар туралы жаңа ҚК-і тарау, осы қылмыстармен күресудегі халықаралық талаптарға сәйкес екендігімен көрініп отыр.

Аталған тарауға тоғыз қылмыс құрамы енгізілген. Олардың қатарындағы алты қылмыс құрамы ұлттық заң шығарушы органға жаңалық болып отыр: басқыншылық соғысты жоспарлау, әзірлеу, тұтандыру немесе жүргізу (ҚК, 156-б), жаппай қырып-жою қаруын өндіру

немесе тарату (ҚК, 158-б), соғыс жүргізудің тыйым салынған құралдары мен әдістерін қолдану (ҚК, 159-б), геноцид (ҚК,160-б), экоцид (ҚК, 161-б) және халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау (ҚК, 163-б), ал қалған үш қылмыс құрамы Қаз ССР 1959 ж. ҚК-де бұрыннан белгілі: соғысқа үгіт насихат жүргізу (57-б), жалдамалық (62-2б), әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру (60-б). Аталған баптар жаңа Қылмыстық кодексте жаңартылған түрде белгіленген.

Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі, яғни мемлекеттердің және халықтың өмір сүруін немесе қауіпсіздігін қамтамасыз ететін халықаралық құқық нормаларын және халықаралық әлемнің бейбіт өмірін сақтаудағы қоғамдық қарым-қатынас аталған жаңа тараудың текті объектісі болып табылады.

Кейбір қылмыстар тобының қатарында міндетті белгілері болып қылмыстың заты танылады. Мысалы, ҚК-тің 158-бабы мен 159-бабының 2-бөлігінде аталған Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен тыйым салынған химиялық, биологиялық және басқа да жаппай қырып-жою қаруын атауымызға болады. Соғыс жүргізудің тыйым салынған құралдары және әдістерін қолдануда (ҚК,159-б) қылмыстың заты болып ұлттық мүлік табылады. Экоцидте қылмыс заты болып, өсімдіктер немесе жануарлар дүниесі, атмосфера, жер немесе су ресурстары танылады. Халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасаудың құрамында қылмыс заты болып қызметтік немесе тұрғын үй-жайлары не көлік құралдары танылады.

Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың көпшілігінің қылмыс құрамы жалпы формальды болып келеді.

Олар объективтік жағының міндетті белгісі ретінде қоғамға қауіпті әрекет жасауды қамтиды, ал қоғамға қауіпті зардаптардың түсуі қылмыс құрамының шеңберінен тыс жатыр. Жалдамалық (ҚК,162-б), халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау (ҚК,163-б), әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру сияқты (ҚК, 164-б) дәрежеленген құрамдары ондай белгілерді қамтыған. Аралас құрылымды құрамға экоцидті жатқызуға болады, себебі ол жерде, экологиялық апатты туғызатын немесе туғызуы мүмкін өзге де іс-әрекеттерді жасауды заң шығарушы қылмыстың объективтік жағының белгісі ретінде анықтап көрсетіп отыр. Демек, осы іс-әрекеттер үшін ғана кінәлік пайда болады.

Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, негізінен, белсенді әрекеттер арқылы жасалынады. Кейбір қылмыс құралының объективтік жағы (мысалы, тыйым салынған соғыс жүргізу құралдары мен тәсілдерін қолдануда) міндетті белгісі болып, қылмыс жасаудың жағдайы қарулы қақтығыстар және әскери қимылдар кезіндегі жасалған орны - оккупацияланған ай-мақ болып танылады. Қылмыстың жасалу әдісі (тәсілі), соғыс жүргізудің тыйым салынған құралдары мен әдісін қолдануда

(ҚК, 159-б), геноцид (ҚК, 160-б) сияқты қылмыстарда орын алатындығын заң шығарушымен атап көрсетілген.

ҚК Ерекше бөлімі, аталған тарауында белгіленген қылмыстардың субъективтік жағы, яғни экоцидті қоспағанда, кінәліктің нысаны бойынша тікелей қасақаналықпен сипатталады. Кейбір қылмыстардың субъективтік жағының міндетті белгісі ретінде, заң шығарушылар қылмыс жасаудағы арнайы мақсаты сипатталады (мысалы, геноцидтің мақсаты ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топты толық немесе ішінара жоюға бағытталуы; халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасауда - соғысқа арандату немесе халықара-лық жағдайды шиеленістіру мақсатында жасалынады.

Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың субъектісі - 16 жасқа толған, есі дұрыс адам танылады. Кейбір қылмыстар құрамында арнайы субъектілерді қамтиды: мемлекеттік жауапты қызмет атқарып отырған лауазымды адам (ҚК, 157-б.2-бөлігі), өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, адам не қоғамдық бірлестіктің жетекшісі жасауы (ҚК, 164-б. 2-бөлігі) және т.б.

Заң әдебиеттерінен аталған қылмыс топтарының тікелей объектісіне байланысты әр түрлі топтастыруды кездестіруге болады. Бұл топтастыруды (классификациялау) шартты деп айтуға болады, себебі оқу мақсатында аталған түсіндірмелерді оңай игеруіміз үшін жасалынады.

Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарды былайша төмендегідей топтастыруға болады:

1. Бейбітшілікке қарсы қылмыстар: басқыншылық соғысты жоспарлау, әзірлеу, тұтандыру немесе жүргізу (ҚК,156-бап); басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу және жария түрде шақыру (ҚК,157-б), жаппай қырып-жою қаруын өндіру немесе тарату (ҚК,158-б);

2. Әскери қылмыстар: соғыс жүргізудің тыйым салынған құралдары мен әдістерін қолдану (ҚК,159-б);

3. Адамзатқа қарсы қылмыстар: геноцид (ҚК,160-б), экоцид (ҚК,161-б);

4. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы басқа да қылмыстар:

а) қарулы қақтығыстарды реттейтін құқықтық қағидаларға қарсы қылмыстар; жалдамалылық (ҚК,162-б);

б) халықаралық қорғау аясындағы адамдар мен ұйымдардың құқықпен реттелетін қағидаларына қол сұғатын қылмыстар; халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау (ҚК,163-б);

в) ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықтың қозуына тыйым салатын халықаралық құқыққа қарсы қылмыстар, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру (ҚК,164-б).

МЕМЛЕКЕТТІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫНА ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАР

1. Мемлекеттің конституциялық құрылысына және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы.
2. ҚР сыртқы қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар.
3. ҚР саяси жүйесіне қарсы қылмыстар.
4. Биліктің заңдылығына қарсы қылмыстар.
5. Мемлекеттік құпияларға қол сұғатын қылмыстар.
6. Мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар.

Республиканың егемендік алуына және дербес субъект ретінде дүниежүзілік қоғамдастыққа кіруіне байланысты елде қылмыстық заңды, соның ішінде мемлекеттік қылмысқа қарсы күресу жөніндегі заңды реформалаудың жаңа кезеңі басталып, ол 1997 жылғы 16 шілдеде Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексін қабылдаумен аяқталды.

Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде бұл қылмыстарға (жеке адамға қарсы қылмыстардан - 1 тарау, отбасына және кәмелетке жасы толмағандарға қарсы қылмыстардан - 2 тарау, адамның және азаматтың Конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстардан - 3 тарау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардан - 4 тарау, кейінгі бесінші тарау берілген), сол арқылы "мемлекеттің ең басты қазынасы - адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы" деген конституциялық принципті баянды еткен.

Бұл қылмыстардың тектік объектісі мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігінің негіздері болып табылады.

Конституциялық құрылыс негіздері деп қазіргі әдебиетте конституциялық құқықтың реттеу объектісі болып табылатын, жекеленген мемлекеттердің конституцияла-рында конституциялық құрылыстың жекеленген қосалқы жүйелерін құқықтық регламенттеудің жалпы негізін қалаушы көзі ретінде белгіленген қоғамдық қатынастарды айқындайтын және регламенттейтін принциптер деп түсіндірілген. Конституциялық құрылыс негіздері қоғамдық құрылыстың, мемлекеттік биліктің, басқару нысандарының, мемлекеттік құрылымның, саяси режимнің басты ерекшеліктерін қалыптастырады және конституцияның және оны өрбіту ретінде шығарылатын заңдардың бар мазмұнын логикалық және заңдық тұрғыдан өзіне бағындырады.

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының негіздері Қазақстан Республикасы Конституциясының бірінші бөлімінде белгіленген. Олар мемлекеттік билік нысанын орнықтырады, адамды, халықты мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі деп санайды, Қазақстан Республикасы егемендігінің шеңберін белгілейді, заң шығарушы, атқарушы және сот деп бөлінген мемлекеттік билік бірлігі принципін баянды етеді, идеологиялық және саяси сан алуандықты таниды, мемлекеттік меншік пен жеке меншікті таниды және қорғайды. Конституция мен басқа да заңдар, нормативтік - құқықтық актілер, халықаралық құқық пен халықаралық шарттардың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормалары күшінің арасалмағын анықтайды. Қазақстан

Республикасының Конституциясы бірінші бөлімінің баптарымен қорғалатын осы және басқа қазыналар мазмұны қаралып отырған қылмыстардың тектік объектісінің ажыратылмас бөлігі ретінде конституциялық құрылыс негіздері болып табылады.

Тектік объектінің екінші бөлігі ретіндегі қауіпсіздік дегеніміз - адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қателерден қорғалуы. Өмірлік маңызы бар мүдделер - қажеттер жиынтығы, олардың қанағаттандырылуы адамның, қоғамның және мемлекеттің өмір сүруін және прогресті даму мүмкіндігін сенімді түрде қамтамасыз етеді. Қауіпсіздіктің негізгі объектілері: мемлекеттің конституциялық құрылысы, егемендігі, қорғаныс қабілеті және аумақтық тұтастығы.

Конституциялық құрылыс - әлеуметтік - құқықтық қатынастар мен институттардың шүбәсіз рухани және конституциялық талаптарға бағындырылған, қоғамдық практика мен құқықтық санада адам, адамзаттық қоғам және мемлекет арасындағы тұрақты, әділ, ізгі және құқықтық байланыстардың орнығуына жәрдемдесетін негіз қалаушы реттегіштер жиынтығына негізделген біртұтас жүйесі.

Егемендік - ел ішінде мемлекеттік биліктің үстемдік етуі және сыртқы саяси саладағы оның тәуелсіздігі.

Егемендік - мемлекеттік биліктің, сондай-ақ жалпы мемлекеттің дербестігі мен тәуелсіздігінің аса маңызды белгісі.

Қорғаныс қабілеті - экономикалық, әскери, әлеуметтік-рухани, мемлекет егемендігі мен аумақтық тұтастығының сыртқы шабуылдан қорғалуын қамтамасыз етуге қабілетті жағдайы.

Аумаққа қол сұғылмауы - Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы, ажыратылмағандығы және құрлық, су, әуе арқылы өтетін мемлекеттік шекаралардың мызғымастығы.

Қылмыстардың кейбір құрамдарында қол сұғатын зат дербес белгі ретінде көрсетілген. Мәселен, шпиондық жасау кезінде (ҚК 166-бабы) мемлекеттік және әскери құпия болып табылатын мәліметтер қылмыс нысандары болып табылады. ҚК-тің 170-бабында олар - өкіметті күштеп басып алуға, өкіметті күшпен ұстауға, мемлекеттің қауіпсіздігін әлсіретуге немесе конституциялық құрылысты зорлықпен өзгертуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тұтастығын және оның аумағының бірлігін күшпен бұзуға шақыратын үндеулер бар материалдар. Диверсияда (ҚК 171-бабы) қылмыс заты кәсіпорындар, құрылыстар, қатынас жолдары мен құралдары, бай-ланыс құралдары мен халықтың тіршілігін қамтамасыз ету объектілері болып табылады. Мемлекеттік құпиясы бар құжаттар, сондай-ақ олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияны құрайтын заттар да қылмыс заты бола алады (ҚК 173-бабы).

Мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігінің негіздеріне қарсы барлық дерлік қылмыстардың объективтік жағына - іс-әрекеттер тән. Тек мемлекеттік құпияларды заңсыз алу, жария ету (ҚК 172-бабы), мемлекеттік құпиясы бар құжаттарды жоғалту (ҚК 174-бабы) ғана

объективтік жағынан іс-әрекет деп те, әрекетсіздік деп те сипатталуы мүмкін. Мемлекеттік құпияны жария етуді, мемлекеттік құпиясы бар құжаттарды жоғалтып алуды, сондай-ақ диверсияның үш түрін заң шығарушы материалдық құрамға жатқызған, ал қалған құрамдар формальды болып табылады, яғни қылмыстар, қандай да болсын зиянды зардаптары бар болғанына қарамастан, заңда сипатталған іс-әрекеттер жасалған сәттен бастап аяқталды деп саналады.

Қылмыстардың қаралып отырған тобының, мемлекеттік құпияны жария етуден және мемлекеттік құпиясы бар құжаттарды жоғалтып алудан басқаның, субъективтік жағына кінәнің қасақаналығы тән, ал қасақаналық тек тікелей болуы мүмкін. Материалдық құрамдарда: кінәлі адам өзі жасайтын іс-әрекеттердің қоғамдық-қауіпті сипатын түсінеді, қоғамдық қауіпті зардаптардың болуының ықтимал екенін немесе сөзсіз болатынын болжайды және сондай зардаптар болғанын қалайды, ал формальды құрамдарда - жасайтын іс-әрекетінің және сондай-ақ іс-әрекеттер жасау ниетінің қоғамдық қауіпті сипатын адамның түсінуі және тілеуі жеткілікті. Кейбір құрамдар субъективті жақтың міндетті нышаны ретінде белгілі бір мақсат: Қазақстан Республикасының Сыртқықауіпсіздігі мен егемендігін бүлдіру немесе әлсірету (ҚК 165-бабы), мемлекеттік немесе өзге саяси қызметті тоқтаттыру (ҚК 167-бабы), Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен құлатуға немесе өзгертуге не оның аумақтық тұтастығын күшпен бұзу (ҚК 170-бабы), Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіру (ҚК 171-бабы) мақсатын көздейді. Мемлекеттік немесе қоғам қайраткерінің өміріне қастандық белгілі бір себеппен - жәбірленушінің мемлекеттік немесе өзге саяси қызметі үшін кек алу мақсатымен (ҚК 167-бабы) жасалуы мүмкін. Мемлекеттік құпиясы бар құжаттарды жоғалту құрамы кінәнің абайсыздығымен сипатталады.

Мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігінің негіздеріне қарсы қылмыстар субъектілері 16 жасқа толған, жауаптылыққа қабілетті адамдар болуы мүмкін. Кейбір қылмыстар арнайы субъект: Қазақстан Республикасының азаматы (ҚК 165-бабы), шетелдік азамат және азаматтығы жоқ адам (ҚК 166-бабы), мемлекеттік құпия сеніп тапсырылған немесе қызметі не жұмысы бойынша белгілі болған адам (ҚК 172-бабы), мемлекеттік құпиямен жұмыс істеуге рұқсаты бар адам (ҚК 173-бабы), Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен запасқа шыққан адам (ҚК 174-бабы) тарапынан жасалуы ықтимал және т.б.

Тікелей объектіге (оның жоғарыда аталған түрлеріне) байланысты конституциялық құрылыс пен қауіпсіздік негіздеріне қарсы барлық қылмыстарды (белгілі бір шарттылықпен) былайша жіктеуге болады:

1. Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне қарсы бағытталған қылмыстар: мемлекеттік опасыздық (ҚК 165-бабы) және шпионаж (ҚК 166-бабы);

2. Қазақстан Республикасының саяси жүйесіне қарсы бағытталған қылмыстар: мемлекеттік немесе қоғам қайраткерінің өміріне қастандық

жасау (ҚК 167-бабы), өкіметті күшпен басып алу немесе өкіметті күшпен ұстап тұру (ҚК 168-бабы), қарулы бүлік (ҚК 169-бабы), Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен құлатуға немесе өзгертуге не оның аумақтық тұтастығын күшпен бұзуға шақыру (ҚК 170-бабы).

3. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне қарсы бағытталған қылмыстар: ди-версия (ҚК 171-бабы);

4. Мемлекеттік құпияның сақталуына қол сұғатын қылмыстар: (ҚК 172, 173-баптары);

5. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін жасақтау тәртібіне қарсы қылмыстар (ҚК 174-бабы).

МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАР

1. Меншікке қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы және түрлері.

2. Бөтеннің мүлкін талан-таражға салудың ұғымы және белгілері.

3. Талан-тараждаудың тәсілдері және тәсілдері.

4. Меншікке қарсы талан –тараждау белгісі жоқ қылмыстар.

5. Меншікке қарсы пайдакүнемдік емес қылмыстар.

Адамның құқықтары мен бостандықтары жүйесінде меншікке құқықтың алатын орны ерекше, себебі ол адамның жеке басының сәттілігін сипаттайтын көрсеткіш. Бұл қылмыстар экономикалық қатынастарды реттейді, сондықтан да олардың атқаратын міндеті көп.

Әлеуметтік құндылықтар жүйесінде меншікке құқық адамның әлеуметтік игіліктерінің ішіндегі ең маңыздысы ретінде саналады. Сондықтан да, бұл игілікке қол сұғушылық адамның өз басына қол сұғушылықпен пара-пар (кең мағынада алғанда). Меншікті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің негізінде міндеттерінің бірі болып табылады (ҚР ҚК-нің 2-бабы).

Меншікке қарсы қылмыстарды кейде мүліктік қылмыстар деп те атайды. 1922 және 1926-жылдардағы қылмыстық кодекстердің тиісті тарауларының тақырыптары солай деп аталған. Бұл екі түсінік бердей, себебі меншікке қарсы жасалған қылмыстардың көпшілігінің заты мүлік болып табылады.

Бөтен мүлікті ұрлаудың мәнін түсіну үшін қылмыстың объектісін дұрыс анықтаудың маңызы зор. Бұл мәселенің шешімі қылмыстық құқық теориясында жан-жақты қарастырылған қылмыс объектісі жайындағы жалпы ережеге негізделуі тиіс.

Қол сұғу объектісін дұрыс анықтау қылмыстардың осы тобының мәнін ашуға, олардың қоғамға қауіптілік сипатын көрсетуге мүмкіндік береді және, ең бастысы, қылмыстарды дұрыс саралауға бағыт береді. Меншікке қарсы қылмыстардың тектік объектісі меншіктер қатынасы, яғни жеке немесе ұжымдық тұтынуға, не өндірістік қызметті жүзеге асыруға

арналған материалдық игілікті бөлу саласындағы қоғамдық қатынастар болып табылады.

Жоғарыда баяндалғандарды қорыта келгенде, меншікке қарсы қылмыстардың тектік объектісін - меншік деп қарастыруға болады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес меншікке құқық дегеніміз - субъектінің өзіне тиесілі мүлікті иемденуге, пайдалануға, оған билік жасауға құқығын заң актілерінің мойындауы және қорғауы. Меншік иесінде өз мүлкін иелену, пайдалану және оған билік жасау құқығы болады. Меншікке қарсы қылмыстар туралы заңдағы заң нормаларымен қорғалатын тікелей объект ретіндегі меншіктер қатынасының мәнін осы құқықтар құрайды.

Иелену құқығы дегеніміз - мүлікті іс жүзінде иеле-нуді заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндік арқылы жүзеге асыру.

Пайдалану құқығы дегеніміз - мүліктен оның пай-далы табиғи қасиеттерін алу және одан пайда көру мүмкіндіктерін заңмен қамтамасыз ету. Пайда - кіріс, өсім түрінде, жеміс - өнім сипатында болуы мүмкін.

Билік ету құқығы дегеніміз - мүліктің заң жүзіндегі тағдырын біреудің Заңмен қамтамасыз етуі. (ҚР АҚ-нің 188-бабының 2-бөлігі).

Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез келген әрекеттер жасауға, соның ішінде, бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігі-нен шығаруға, өзі меншік иесі болып қала отырып, оларға мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз өкілеттігін тапсыруға, мүмкіндікті кепілге беруге және оған басқа да әдістермен ауыртпалық түсіруге, оларға өзгеше түрде билік етуге құқылы (ҚР АҚ-нің 188- бабының 3-бөлігі). Меншікке қарсы жасалған әрбір ұрлық және басқа да қылмыс қоғамға қауіпті, себебі ол көрсетілген қатынастарды бұзады.

Қазақстан Республикасында меншіктің жеке және мемлекеттік түрлері мойындалған. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің ”Меншікке қарсы қылмыстар” тарауында бекітілген баптардың диспозицияларының мазмұны бұл қарастырылып отырған қылмыстардың тікелей объектісі бөтеннің меншігі екендігін көрсетеді.

Кейбір қылмыстарда (ұрлық, тонау, алаяқтық, т.б.) тікелей объектілер тектік объектілерге сәйкес келеді. Заң әдебиеттерінде тікелей объектілер ретінде меншіктің нақты формасын, оның мемлекеттік, кооперативтік, жеке меншік, муниципалдық не жекелеген ұйымдардың меншігі болып табылуына байланысты қарастыру керек деген пікір айтылған. Мұндай ұсыныспен келісуге болмайды, себебі Қазақстан Республикасының Конституциясы меншіктің кез келген формасын бірдей қарауды жариялап отыр. Сондықтан да, ұрлықты, бөтен мүлікті иемденуді, тағы басқадай әрекеттерді саралау үшін ұрланған мүліктің қандай формадағы меншік екендігінің маңызы жоқ.

Объективтік жағынан алғанда меншікке қарсы қылмысты заң шығарушы қылмыстың материалдық құрамы бойынша қарастырған. Сондықтан да, олардың объективтік жағы үш міндетті нышаннан тұрады:

іс-әрекет, зардап және іс-әрекет пен зардап арасындағы себептік - зардаптық байланыс. Тек қарақшылық пен қорқытып алушылық қана формальды қылмыстар болып табылады, себебі бұлардың міндетті нышаны - тек қылмыстық іс-әрекет. Яғни, бұл қылмыстардағы зардап қылмыс құрамының шегінен тыс жатыр. Қылмыстық зардапта әрқашанда материалдық сипат болады, мүліктік залал туындайды.

Меншікке қарсы жасалған кейбір қылмыстарда құрамның объективтік жағының міндетті түрдегі элементі қылмыс жасаудың тәсілі (күш қолданып немесе қолдан-бай, жасырын немесе ашық) болып табылады.

Меншікке қарсы қылмыстардың субъектісі заңда белгіленген жасқа жеткен, есі дұрыс адам бола алады, яғни қылмыс субъектісі жалпы. Бір қылмыста - мүлікті иеленіп алу немесе ысырап етуде - қылмыс құрамының міндетті элементі арнаулы субъект болуға тиіс. Кейбір қылмыстарда арнаулы субъект сараланған құрамның нышаны ретінде алынады, мысалы, қызмет бабын пайдаланып жасалған алаяқтық (ҚК-тің 177-бабы 2-бөлігінің "в" тармағы), алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру (ҚК-тің 182-бабының 1-бөлігі), жерге заттай құқықтарды бұзу (ҚК-тің 186-бабының 3-бөлігі).

Қылмыскердің жасына қарай жауаптылық жүктеуге байланысты мүлікке қарсы жасалған барлық қылмыс-тарды екі топқа бөлуге болады. 16 жастан бастап жауаптылық көзделген қылмыстарға: сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету (ҚК-тің 176-бабы), алаяқтық (ҚК-тің 177-бабы), алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру (ҚК-тің 182-бабы), көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті сатып алу немесе сату (ҚК-тің 183-бабы), интеллектуалдық меншік құқықтарын бұзу (ҚК-тің 184- бабы), жерге заттай құқықтарды бұзу (ҚК-тің 186-бабы), бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру (ҚК-тің 188-бабы), автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену және ауырлататын мән-жайлардың болмауы (ҚК-тің 185-бабының 1-бөлігі), ауырлататын мән-жайларсыз бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру (ҚК-тің 187-бабының 1-бөлігі) жатады. 14 жастан бастап жауаптылық көзделген қылмыстарға: ұрлық (ҚК-тің 175-бабы), тонау (ҚК-тің 178-бабы), қарақшылық (ҚК-тің 179-бабы), қорқытып алушылық (ҚК-тің 181-бабы), ауырлататын мән-жайларда автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иемдену (ҚК-тің 185-бабының 2-4-бөліктері), ауырлататын мән-жайларда бөтен адамның мүлкін қасақана жағу немесе бүлдіру (ҚК-тің 187-бабының 2, 3-бөліктері).

Субъективтік жағынан меншікке қарсы қылмыстар тікелей ниетпен жасалынады, меншікке қарсы тек бір қылмыс қана - бөтен мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру (ҚК-тің 188-бабы) кінәнің абайсыз формасында жасалуы мүмкін.

Меншікке қарсы қылмыстар пайда табу мақсатында және пайда табу мақсатынсыз болып бөлінеді.

Пайда табу мақсатындағы қылмыстардың субъективтік жағының міндетті нышаны - пайда табуды көздеу немесе сондай себептер. Сонымен қатар, пайда табу мақсатындағы қылмыстарды, олардың объективтік жақтарына қарай, мүлікті алумен байланысты ұрлау деп аталған қылмыстарға және ұрлаумен байланысты емес қылмыстарға бөлуге болады. Ұрлауға мына қылмыстар жатады: ұрлық, иемденіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық, тонау, қарақшылық, ерекше құнды заттарды ұрлау. Пайда табу мақсатындағы, бірақ ұрлаумен байланысты емес қылмыстарға мыналар жатады: алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру, көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті сатып алу немесе сату, интеллектуалдық меншік құқықтарын бұзу, автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иемдену, жерге заттай құқықтарды бұзу. Ал, бөтен мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру, бөтен мүлікті абайсызда жою немесе бүлдіру пайда табу мақсатынсыз жасалған қылмыстарға жатады.

Экономикалық қызмет аясындағы қылмыстар.

1. Экономикалық қызмет аясындағы қылмыстардың жалпы сипаттамасы.
2. Кәсіпкерлік қызметтің еркіндігі мен заңдылығына қол сұғатын қылмыстар.
3. Банк қызметі аясындағы қылмыстар.
4. Ақша-несие аясындағы қылмыстар.
5. Бағалы қағаздар рыногындағы қылмыстар.
6. Салық салу аясындағы қылмыстар.
7. Компьютерлік қылмыстар.

Yēīīīēēāēū° ūçīāō ñāēāñūīāā'ū ūēīūñōāð īāōāðēāēū° æ,īā āāñ°ā āā
 °½īāūēū°ōāðāū, ðāēū°ā ē¼ðñāōīēāōī ūçīāōōī ¼īāīðōāā, á¼ēōāā, āēūðāāñōāó'ā
 æ,īā ò½òūīó'ā āāēēāīūñōū òóūīāāēóūī, °ī'āīāū° °āòūīāñ°ā çāðāāāūī òēāīçāōīī,
 ūēīūñōū° çā»āā ē¼çāāēāāī °ī'āī'ā °āóīīōī īñ-ðāēāō. Yēīīīēēāēū° ūçīāō
 ñāēāñūīāā'ū ūēīūñōāð ¾ōīī æāōāīēāðøīēīēōī °āðāñōūðāòūī īðīāēāð °ī'āīāū°
 °āòūīāñōū °īð'āó'ā, āē yēīīīēēāñūīū» āðēīī āā āīð °āēūīōū āāìóūī °āìòāīāñūç āòóāā
 āā'ūòōāē'āī. 2^Ê-òī» °āðāñōūðūēūī īōūð'āī òāðāóūīū» īā»ūçāūēū'ū īñūīāā.

Yéííííèèèèè° °ùçíàò ñàèañúíàà¹û ê,ñíííííóúíààðàà ññè °ùçíàò íðíòáñííáà
°àèùíòàñ°àí áíðù»¹áé òàèòíè °¹¹àíàû° °àòúíàñ áíèàäû.

Îñû òàðàó¹à æàòàòùí áíðºàòàð °ùèìññòàðäû» ïííääòòì ò¾ðäääí íûøàíû – ïíää¹û °ùèìññ çàòû áíèûí òàáûèääû. Îññàèû, òàóàðèûº áääëí (²Ê-òì» 199-áááû,) èì-íàððöèýèûº íáíàñá ááíèòíè °½íèýíû °½ðàéòùí ì,èííàòòàð (200-ááí), áá¹àèû ò¹àçääð (202, 205-ááí), æàè¹àí àºøà (206-ááí), ò¼èäí èàðòì÷èèàðû íáí ¼çää ò¼èäí æ,íá áñáí àèúðûñº °½æàòòàðû (207-ááí), àèöèçäíè àèûí íàðèàèàðû (208-ááí).

²àðàñòùðùèàòùí òùèìñòù» è¼áíñíí» íáúáèòèàòìè æà¹ù òùèìñòù» æàñàèòùíáí ñèìàòòàèàäù. Êáéáðáoèäì ðàèàòñìçàìè àð°ùèù àà æàñàèùíàäù. Íùñàèù, íáñèàèìè ááððàøàèòì ¼ðáóááí äáéí æàèòàðó (²Ê-òì» 195-áááù), øàòäè ààèðàñùíàà¹ù òðàæàòòù øàòäèááí òàèòàðìáó (213-ááì), èáááí ò¼èáíáäðì íáí àèùíàäðùí ò¼èáóááí æàèòàðó (214-ááì), áóðàèòàðèìè áñáí áððàèèáðìí á¼çó (218-ááì), ñàèùòàðäù ò¼èáóááí æàèòàðó (221, 222-ááìòàð).

Ýéííííèèàèù° òùçíàò ñàèàñúíàà'ù èâéáíð òùè-íùñòàððäù» íííààòòì ò³⁄⁴ðäââí íùðáíù, íè – çà»àà è¹⁄⁴çäâèâáí ò¹àì¹à ò'áoíìòì çàðäâíòàððäù» áíéóù. Íèàðäà ìàòàðèàè-âù° ò¹⁄²ðàì áíèàâù. Íùñàèù, ²Ê-òì» 192-194, 196-198, 203-205, 215-222-âàíòàððùíàà è¹⁄⁴çäâèâáí òùèíùñòàðð.

²Ê-òì» íñù, ò'àðàñòùðùèùí ìòùð¹áí òàðàóúíà èíðáòíí áíð°àòàð ààíòàðäà áèáíèàòòìè ñèíàò áàð. Íùñàèù, ²Ê-òì» 197, 205, 218-âàíòàððù.

Ýéííííèèàèù° òùçíàò ñàèàñúíàà'ù òùèíùñòàððäù» ààðèù¹ù, ñóáúâèòèàòìè æà¹ùíáí, ¹⁄⁴çäâðííí» ,äâéí, ò'añà°áíà æàñàè¹áíäù¹ùíáí ñèíàòòàèàâù. Íèàðäù» èâéáíðáòèâðííí» ñóáúâèòèàòìè æà¹ùíù» íííààòòì ò³⁄⁴ðäââí íùðáíù, íèàðäà ñâááí íáí ìà°ñàòòù» áíéóù (²Ê-òì» 192, 193, 198, 204-âàíòàððù).

Ýéííííèèàèù° òùçíàò ñàèàñúíàà'ù òùèíùñòàððäù» ñóáúâèòìíí òùèíùñ æàñà¹áí èâçäâ 16 æàñ°à òíè¹áí, áñí à¹⁄²ðùñ àâàì áíèà àèàâù. Àè, ì¹⁄²íáàè òùèíùñòàððäù» èâéáíðáòèâðííí» ñóáúâèòìíí òàè èàòàçùíäù àâàíààð (²Ê-òì» 198, 225-âàíòàððù), ááíè òùçíàòèâðèâðì¹áíà (189, 225- âàíòàððù) áíèàâù.

Òíèàèèè ñóáúâèòìíí áíéúíøà ýéííííèèàèù° òùçíàò ñàèàñúíàà'ù òùèíùñòàððäù òàðòòù ò³⁄⁴ðäâ íùíáíáàè ò³⁄⁴ðèâðäâ á¹⁄⁴èóââ áíèàâù:

1) è,ñííèâðèíè ñàèàâà¹ù æ,íá ýéííííèèàèù° òùçíàòòì» ààñ°à àà ñàèàñúíàà'ù òùèíùñòàðð: çà»âù è,ñííèâðèíè òùçíàòèâ èâââðäí æàñàó (²Ê-òì» 189-âàáù), çà»ññùç è,ñííèâðèíè (190- áàí), çà»ññùç ááíèòìè òùçíàò (191-áàí), æàè¹áí è,ñííèâðèíè (192- áàí), çà»ññùç æíèíáí àèù¹áí à°øà ò'àðàæàòùí íáíàñà ¹⁄⁴çäâ ì³⁄⁴èíèòì çà»âàñòùðó (193- áàí), ìííííèèñòìè ìñ-,ðáèâòòàð æ,íá á,ñâèâíí øàèòáó (196-áàí), è¹⁄⁴ðííáó æàè¹áí æàðíáìà áàðó (198-áàí), òàòàð-èù° áàèâííí çà»ññùç ìàèäàèèáíó (199-áàí), èíííàðòèýèù° íáíàñà ááíèòìè ò¹⁄²èýíù ò¹⁄²ðàèòùí ì,èíàòòàððáí çà»ññùç àèó ìáí æàðèý áòó (200-áàí), è,ñííòìè ñííðò æàðùñòàððù-íù» æ,íá íéúí-ñàòù°òù° èíííàðòèýèù° èííèóðñòàððäù» òàòùñóøùèàðù ìáí ¹⁄²éúíààñòùðóøùèàðùí ñàòùí àèó (201-áàí), ááíèðíòòù° æà¹ààèúíàà'ù çà»ññùç ìñ-,ðáèâòòàðð (215-áàí), ,äâéí ááíèðíòòù° (217- áàí), áóðâàèòàððèíè áñáí áðâæàèâðíí á¹⁄²çó (218-áàí), òààè¹àò ìàèäàèèáíó æ¹⁄⁴íííàâí çà»ññùç ì,èíàòòàððáí òìðèâó (225-áàí), ì,ííèâ æàñàó¹à íáíàñà ííù æàñàòááí áàñ òàðòòù¹à ì,æá³⁄⁴ð áòó (²Ê-òì» 226-âàáù);

2) à°øà-íàñèà ñàèàñúíàà'ù òùèíùñòàðð: íàñèâáí çà»ññùç àèó æ,íá ìà°ñàòññùç ìàèäàèèáíó (²Ê-òì» 194-âàáù), íàñèâèíè áàðâøàèòì ¹⁄⁴òáóâáí ,äâéí æàèòàððó (195- áàí), áà¹àèù ò'á¹çäâðäù øù¹àðó (ýíèññèý) ò,ðòíáíí á¹⁄²çó (202-áàí), áà¹àèù ò'á¹çäâðäù ¹⁄²ñòàòòùèàð òìçíííà è¹⁄⁴ðííáó æàè¹áí ì,èíàòòàðð áíáíçó (203-áàí), áà¹àèù ò'á¹çäâðíáí æ³⁄⁴ðáíçíèâòíí ñíàðàòèýèàð òóðàèù è¹⁄⁴ðííáó æàè¹áí ì,èíàòòàðð áàðó (204-áàí), áà¹àèù ò'á¹çäâðíáí ñíàðàòèýèàð æ³⁄⁴ðáíçó áðâæàèâðíí á¹⁄²çó (205- áàí), æàè¹áí ò¹⁄⁴èáí èàðòì-èàèàðù ìáí ¹⁄⁴çäâ ò¹⁄⁴èáí æ,íá áñáí àèùðùñó ò¹⁄²æàòòàððùí æàñàó íáíàñà ñàòó (²Ê-òì» 207-âàáù);

3) ò'àðæùèù° òùçíàò ñàèàñúíàà'ù òùèíùñòàðð: àèòèçáíè àèùí ìàðèàèàðùí òíèâáí æàñàó æ,íá ìàèäàèèáíó (208-áàí), ýéííííèèàèù° èííòðàááíàà (209-áàí), øàòàè ààèðòàñúíàà'ù ò'àðàæàòòù øàòàèèâáí ò'èòàððíáó (213-áàí), èââáí ò¹⁄⁴èáíààðì ìáí àèùíààðùí ò¹⁄⁴èáóâáí æàèòàððó (214-áàí), ááíè ñíàðàòèýèàðù òóðàèù è¹⁄⁴ðííáó æàè¹áí ì,èíàòòàðð áàðó (219-áàí), ááíèòì» à°øà ò'àðàæàòùí çà»ññùç ìàèäàèèáíó (220- áàí), àçàìàòòù» ñàèù° ò¹⁄⁴èáóâáí æàèòàððóù (221-áàí), ¹⁄²éúíààð¹à ñàèùíàòùí ñàèù°òù ò¹⁄⁴èáóâáí æàèòàððó (²Ê-òì» 222-âàáù);

4) пәоәә æ,іә ðæēû°à °ұçіәò ê¼ðñāóó ñàēāñūīāā'ū °ūēīūñòàð: ê¼īøīēīē ñāóāā-ñāòòū°òàð іāі àóēōēīīāāðäü ¼ðēīçóāī» āāēāīēāīāāí ò,ðòіāіі ,āāēī ā¼çó (197-āāāū), ò¼òūīóøūēāðäü äēāāó (223-āāī), çà»ñûç ñūēā°ū äēó (²Ê-òі» 224-āāāū);

5) үēīīīēēāēû° °ұçіәò ñàēāñūīāā'ū āāñ°à āà °ūēīūñòàð: ēīīūþòāðēīē à°īāðàò°à çà»ñûç ēīðó, ÝÄİ ¾øīī çēÿīāü āā'āāðēāīāēāðäü æāñāó, īāēāāēāíó æ,іә òà-ðāóó (²Ê-òі» 227- āāāū).

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ҚЫЗМЕТ МҮДДЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛЫМЫСТАР

- 1.Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы. 2.өкілеттілікті теріс пайдалану. Субъектісінің ерекшеліктері.
- 3.Коммерциялық сатып алу. Оның паракорлықтан айырмашылығы.
- 4.Жекеше аудиторлар мен нотариустардың мүкілеттіліктерді теріс пайдалануы.
- 5.Міндеттеріне адал қарамау.

ҚР ҚК 8-тарауы коммерциялық ұйымда, сондай-ақ мемлекеттік орган, жергілікті басқару органы болып табылмайтын коммерциялық емес ұйымда қызмет атқаратын ерекше тұлғалар тобының өкілеттікті теріс пайдалану және өз қызметіне ұқыпсыз қарауына байланысты жауаптылықты көздейді.

Заң шығарушы аталған қылмыстардың қоғамдық қауіпті іс-әрекетін жеке тарауға бөлуі, көрсетілген қылмыстың қылмыстық-құқықтық қорғау объектісінің өзгешеліктерін ҚК 13-тарауының нормаларымен салыстырып, сонымен қатар коммерциялық және өзге де қызмет аумағында қоғамдық қатынастың мемлекеттік басқару өрісін саяси шектеулікпен тікелей байланыстырады.

ҚР АҚ 34-бабына сәйкес коммерциялық ұйымдар деп өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда келтіруді көздейтін заңды тұлғалар арқылы түсіндіріледі (мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестігі, кооперативтер).

Коммерциялық емес (өзге) ұйымдар партиялардың қоғамдық бірлесуі, қайырымдылық қорлары, діни бірлестіктер, спорттық қоғамдар, оқыту орындары және т.б. сияқты кәсіпкерлік істермен айналыса алғанымен пайда табуды өзінің басты мақсаты етіп қоймайды, яғни ұйымдар мен мекемелер, лауазымды тұлғалар заң шығарушы, орындаушы органдарының және сот билігі ұйымдары жұмысшыларының міндеттерін жүзеге асырмайды.

Қаралып отырған тарауда қылмыстың тектік объектісі - жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарына сәйкес уставтық істер бойынша тіркелген

мемлекеттік ұйым болып табылмайтын коммерциялық және өзге ұйымдардың мүддесі болып табылады.

Ұйымды басқарушының, жекеше нотариустың немесе жекеше аудитордың, жетекшінің немесе жекеше күзет қызметінің қызметкерлерінің өздерінің өкілеттіктерін дұрыс іске асыруы (заңға сәйкес), осы қарастырылып отырған топтың іс-әрекетінің тікелей объектісі болып табылады.

8-тараудың барлық қылмыс құрамының қосымша объектісі бар (азаматтардың, ұйымдардың, қоғамның немесе мемлекеттің заңды мүддесі және құқығы сияқты).

Осы тарауда қарастырылып отырған қылмыстың объективтік жағы, өзінің өкілеттілігін пайдалану арқылы өзге жекеше немесе қоғамдық мүддеге зиян келтіретін іс-әрекеттермен (әрекет немесе әрекетсіздік) сипатталады (ҚК 231-баптың 1 және 2-бөлігінде қарастырылған қылмыстардан басқасы).

ҚК 228 және 229-баптарында қарастырылған қылмыстың объективтік жағының міндетті белгісі ретінде елеулі зиян деп, мүліктік зиянды сонымен бірге адамның және азаматтың конституциялық құқығын және бостандығын бұзуды түсінуге болады. Бұл белгі бағаланушы белгі болып табылады және тек сот қана келтірілген зиянды елеулі деп тануға құқылы.

Бұл қылмыстар субъективтік жағына байланысты кінәнің тек қана қасақаналық нысанымен жасалынады (тікелей немесе жанама қасақаналық).

ҚК 231-бабының 1 және 2-бөлімі бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылатын субъект - 16 жасқа толған кез келген тұлға бола алады, ал қалған қылмыс құрамдарында арнайы субъектінің белгілері көрсетілген.

Сонымен, коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар ретінде, заң шығарушы ұйымдардың, орындаушы және сот билігі қызметкерлерінің міндеттерін атқармайтын тұлғалардың, өзінің өкілеттілігін теріс пайдалану немесе өз міндетіне адал қарамауын азаматтардың, ұйымдардың, қоғамның немесе мемлекеттің мүддесіне және заңды құқығына қысым жасайтын қоғамға қауіпті іс-әрекетін түсінуге болады.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПКЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАР

1. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы.
2. Терроризм. Кепілге алу. Ұйымдасқан қылмыстық топты немесе қылмыстық қауымдастықты (қылмыстық ұйымды) құру және оны басқару, қылмыстық қоғамдастыққа қатысу.
3. Бандитизм. Банда тәжірибесі.
4. Әуе немесе су қилігін не жылжымалы темір жол составын айдап әкету, сонымен қатар қолға тәжірибесі.

5. Жаппай тәртіпсіздіктер %шiн жауаптылық. Қарудың заңсыз айналымымен байлағысты қылмыстар.

6. Бұзақылық және тағылық.

Адамды, оның құқықтары мен бостандығын ең жоғарғы әлеуметтік құндылық деп тану адамдардың қауіпсіз тіршілігін, қоғамдық және мемлекеттік құрылымдардың қалыпты қызмет атқаруын қамтамасыз ете алатын, тиісті әлеуметтік жағдайлар құрылуына байланысты. Азаматтардың еңбек етуі мен демалуы, мемлекеттік тәртіпті қорғау үшін қажетті жағдайлар құруға бағытталған құқықтық шаралар жүйесі адамдардың, қоғамдық және мемлекеттік мүдделердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады. Қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпке бағытталған қол сұғушылық үшін жауаптылық көздейтін ҚР ҚК 9-тарауының нормалары осындай шаралардың қатарына жатады.

Қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың ерекшелігі олардың қоғамдық қатынастардың қалың тобы үшін зиянды екендігінде (жеке бастың, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және басқа әлеуметтік құрылымдардың қалыпты жұмыс атқаруының қауіпсіздігі үшін). Бұл санаттағы қылмыстарды жасау кезінде тек жеке бір адамның мүддесіне ғана емес, қоғам өмірінің қауіпсіз жағдайларына тұтасынан, яғни қоғамдық маңызды мүдделерге зиян келтіреді. Осыған байланысты, түгел қоғам өмірінің қалыпты және қауіпсіз жағдайлары, қоғамдық тәртіп, түрлі жұмыстар жүргізу және жалпыға бірдей қауіпті заттарды қолдану кезіндегі қауіпсіздік сияқты әлеуметтік құндылықтар тікелей қылмыстық ықпалға ұшырауы мүмкін.

ҚР жаңа ҚК жалпыға бірдей қауіпсіздікті қоғамдық қауіптілікті оның тар мағынасында ғана емес, сол сияқты қоғамдық тәртіпті, халық денсаулығын, қоғамдық адамгершілікті, т.б. қамтамасыз етуші қоғамдық қатынастардың үлкен тобының құрамдас бөлшегі ретінде қарастырады. Бұл қоғамдық қатынастардың барлық жиынтығы ҚК-те қоғамдық қауіпсіздік (кең мағынасында) және қоғамдық тәртіп деп аталып, ҚР ҚК 9-тарауына кіретін қылмыстардың текті объектісін құрайды.

Заңға сәйкес, ҚК 9-тарауының нормаларымен қарастырылған қылмыстардың объектісі - қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп болып табылады, яғни, қоғамның әр мүшесінің өмір сүру жағдайының қауіпсіздігін, әр түрлі жұмыстар жүргізу кезінде және жалпыға бірдей қауіпті заттарды қолдану барысында жеке бастың, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей қоғамдық қатынастардың жиынтығы.

Объективті жағынан алғанда, қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың көпшілігі әрекет арқылы жасалады:

а) терроризм (ҚК 233-б), адамды кепілге алу (ҚК 234-б), бұзақылық (ҚК 257-б), және басқалары. Жекеленген қылмыстар тек әрекетсіздік арқылы жасалады, мысалы, атыс қаруын ұқыпсыз сақтау (ҚК 253-б). Қо-

ғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы бірқатар қылмыстар әрекет арқылы да, әрі әрекетсіздік арқылы да жасалуы мүмкін: атом энергетикасы объектілерінде қауіпсіздік ережелерін бұзу (ҚК 244-б), тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу (ҚК 245-б) және басқалары.

Қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың көпшілігі формальды құрамдас қылмыстар қатарына жатады: заңсыз әскерилендірілген құраманы ұйымдастыру (ҚК236-б), қаруды заңсыз жасау (ҚК 252-б), т.б. Кейбір қылмыстардың құрамы материалды болып құрастырылған, мысалы, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу (ҚК 256-б).

Субъективті жағынан алғанда, қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың көпшілігі кінәнің қасақана түрінің болуымен сипатталады. Бірқатар қылмыстар тек абайсызда жасалады, мысалы, атыс қаруын ұқыпсыз сақтау (ҚК 253-б). ҚК-тің 233, 234-2 бөлім, 235,237,238,239 және 240-баптарында көзделген қылмыстарда мақсат міндетті белгі болып табылады.

Қарастырылушы қылмыстардың субъектілері - 16 жасқа толған тұлғалар. Ал ҚК-тің 233, 234,242,255 - 1,2-бөлімдері, 257,258-баптарымен көзделген қылмыстардың субъектілері - 14 жасқа толған тұлғалар болып табылады. Көп жағдайларда бұл қылмыстардың субъектілері жеке тұлғалар болса, жекеленген жағдайларда - арнайы белгілері бар тұлғалар болуы мүмкін.

Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстар қоғамдық тыныштық жағдайын, әлеуметтік құрылымдардың қалыпты қызмет атқаруын, түрлі жұмыстар жүргізу кезінде немесе қоғамдық заттарды қолдану кезінде жеке бастың, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуші қоғамдық қатынастарға елеулі зиян келтіруші немесе мұндай зиян келтіру қаупін тудырушы, қылмыстық заңға көзделген қоғамдық қауіпті әрекеттерден тұрады.

Қарастырылушы қылмыстарды тікелей объектілерге байланысты төмендегідей топтарға бөлуге болады:

1. Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстар. Қылмыстардың аталған тобы қоғамдық өмірдің кез-келген бөлігінде жасалып, тұтас қоғам өмірінің қалыпты, қауіпсіз жағдайын сақтау саласындағы ең маңызды мүдделерді қозғауы мүмкін. Олардың қатарына Қазақстан Республикасы ҚК 233,234,235,236,237,238,239,240,241, 242,243-баптарымен көзделген қылмысты әрекеттер жатады.

2. Түрлі жұмыстар жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзумен байланысты қылмыстар. Бұл топты Қазақстан Республикасы ҚК 244,245,246-баптарымен көзделген қылмыстар құрайды.

3. Жалпыға бірдей қауіпті заттарды қолдану ережелерін бұзумен байланысты қылмыстар. Бұл топқа Қазақстан Республикасы ҚК 247,248,249,250,251,252, 253, 254,255,256-баптарымен көзделген әрекеттер кіреді.

4. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар. Қоғамдық тәртіп - қылмыстың объектісі ретінде қоғамдық тыныштықты, азаматтардың еңбектенуі, демалуы, тұрмысы үшін, сонымен қатар, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жұмысы үшін қалыпты жағдай қамтамасыз ете алатын қоғамдық қатынастар жүйесінен тұрады. Бұл топтағы қылмыстарға Қазақстан Республикасы ҚК-нің 257 және 258-баптарымен көзделген әрекеттер жатады.

Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстар.

- 1.Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы.
- 2.Халықтың денсаулығына қарсы қылмыстар.
- 3.Есіркі заттардың немесе ж%ойкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымы.
- 4.Қоғамдық адамгершілікке қарсы қылмыстар.

Адам денсаулығы мен оның моральдық хал-ахуалы қазақстандық қоғамның өміршеңдігінің және оның барлық жүйелерінің қалыпты қызмет атқаруының кепілі болып табылады. Бұл орайда, табиғи ортаны неғұрлым тиімді пайдаланудың да маңызы зор. Сондықтан, Қазақстан Республикасының Конституциясында бұл аталған игіліктерді, яғни халықтың денсаулығын (29-бап), қолайлы айнала ортаны(31-бап), тарихи және мәдени мұраны (37-бап) қамтамасыз ету мен қорғаудың негізіне жататын ең маңызды принциптер жарияланған.

Халықтың денсаулығы мемлекет пен қоғамның өз қызметін ойдағыдай атқаруының және одан әрі дамуының ажырамас шарты болып табылады. Адамгершілік және халықтың денсаулығы, қоғамдық өмірдің қажетті элементтері ретінде, өздерінің мемлекет тарапынан қорғалуын талап етеді. Сондықтан, мемлекет халық денсаулығы мен адамгершілікті қылмыстық-құқықтық тәсілдер арқылы қорғауды өзінің міндеті санайды.

Аталған принциптердің сақталуы - ең алдымен, ерікті іс. Алайда, көптеген тұлғалар бұл принциптерді бұза отырып, тиісті қоғамдық қатынастарға зиян тигізеді.

Көрсетілген әрекеттерге қарсы қол сұғынушылықтың алдын алу және онымен күрес жүргізу үшін Қылмыстық кодекске халық денсаулығы мен қоғамдық адамгершілікке қарсы жасалған қылмыстар үшін жауапкершілік қарастыратын нормалардан тұратын 10-шы тарау енгізілген.

Қоғамдық адамгершілік пен халық денсаулығына қарсы жасалатын қылмыстардың қоғамдық қауіптілігі-олардың денсаулыққа зиян келтіруі жеке тұлғаның денсаулығына ғана емес, көптеген адамдардың денсаулығына (халық денсаулығына, белгілі бір жердегі немесе белгілі бір аймақтағы халықтың бөлігінің денсаулығына) және қоғамның өндірістік бастауларына тиетіндігінде. Еліміздің Президентінің Қазақстан халқына арнаған —«Қазақстан-2030» атты жолдауында есірткі заттардың заңсыз айналымының біздің қоғамымызға қарсы қоғамдық қауіптілігінің арта

түсуіне байланысты, есірткі заттарын тасымалдау және тарату үшін жауапкершілікті қатайта түсу керек екендігі атап көрсетілген.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1998 жылдың 8-10 маусым аралығында Нью-Йорк қаласында есірткі заттардың, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорлардың заңсыз дайындалуына, ұқсатылуына, айналымына және осыған байланысты әрекеттерге қарсы күреске арналған Арнайы сессиясының өткізілуі өркениет тағдырына төніп тұрған қауіптің апатты жағдайда екендігін білдірсе керек.

Қылмыстық заңда адам денсаулығы мен қоғамдық адамгершілікті қамтамасыз ету ережелерінің бұзылуынан бұл игіліктерге зиян тигізетін немесе тию қаупін туғызатын деп қарастырылған қылмыстар халық денсаулығы мен қоғамдық адамгершілікке қарсы жасалған қылмыс деп түсіндіріледі.

Халық денсаулығы мен қоғамдық адамгершілік қарастырылушы қылмыстар бойынша, тиісінше, олардың топтық объектісі ретінде жүреді. Халық денсаулығының өзі де жеке әлеуметтік құндылық бола тұра, саяси, экономикалық, құқықтық, педагогикалық және түрлі басқа да шаралар арқылы қорғалып отырады. Қарастырылушы қылмыстардың бірқатарында қылмыстың заты орын алуы кездеседі, мысалы: есірткілік заттар (ҚР ҚК, 259-бап), есірткі заттарды дайындау үшін пайдаланылатын аспаптар (ҚР ҚК, 263-бап), қатыгездік пен күш қолдануға бас ұруды насихаттаушы шығармалар (ҚР ҚК, 274-бап).

Халық денсаулығы үшін заң бойынша қылмыстық жауапкершілік орнату - аталған игілікті жүзеге асыруды қамтамасыз ету барысындағы қылмыстық-құқықтық шара болып табылады.

Қылмыстарды қарастырылушы тобының топтық объектісі болып табылатын халық денсаулығы - бұл көптеген адамдарды қауіпсіз жағдайлармен қамтамасыз етуші қоғамдық қатынастардың жиынтығы.

Қоғамдық адамгершілік осы қоғам иелерінің тәртіп, идея, әдет-ғұрып, әділеттілік, борыш, намыс, абырой туралы көзқарастардың қалыптастырған ережелері мен нормаларынан тұрады.

Объективті жағынан алғанда халық денсаулығы мен қоғамдық адамгершілікке қарсы жасалатын қылмыстардың көпшілігі әрекет арқылы жасалады: есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау немесе сату (ҚК 259-бап), жезөкшелікпен айналысуға тарту (ҚК 270-бап) және т.б.

Кейбір қылмыстар, мысалы санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді бұзу (ҚК 267-бап) әрекет жасаумен қатар, әрекетсіздік арқылы да орын алуы мүмкін.

Халық денсаулығы мен адамгершілікке қарсы қылмыстардың көпшілігі заңға сәйкес құрамынан тұрады (мысалы, есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға көндіру (ҚК 261-бап), порнографиялық заттарды заңсыз тарату (ҚК 273-бап) және т.б.). Қылмыстардың біраз бөлігі материалдық құрамнан тұрады: қауіпсіздік

талаптарына сай келмейтін тауарлар шығару немесе сату, жұмыс орындау немесе қызмет көрсету (ҚК 269-бап).

Субъективті жағынан алғанда қарастырылушы қылмыстардың негізгі бөлігі қасақана қылмыстар болып келеді. Атап айтсақ, олардың қатарына есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлау не қорқытып алу (ҚК 260-бап), адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін мән-жайлар туралы ақпаратты жасыру (ҚК 268-бап) және т.б. жатады. Санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді бұзу (ҚК 267-бап), қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін тауарлар шығару немесе сату, жұмыс орындау не қызмет көрсету (ҚК 269-бап) сияқты қылмыстар абайсыздықтан жасалады.

Қылмыстардың қарастырылушы түрінің субъектілері-16 жасқа толған тұлғалар. Алайда, есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлау не қорқытып алудың (ҚК 260-бап) субъекті ретінде 14 жасқа жеткен тұлға да танылуы мүмкін. Бірқатар құрамдарда қылмыстың арнайы субъекті болуы мүмкін, мысалы, ҚР ҚК 265-бабы бойынша.

Көпшілік жағдайларда қылмыстардың субъектілері тек жеке тұлғалар, ал жекеленген жағдайларда-арнайы міндетке ие тұлғалар (ҚК 268-бап) болып келеді.

Халық денсаулығы мен қоғамдық адамгершілікке қарсы жасалатын қылмыстардың барлығын қылмысты қол сұғынушылық объектісінің ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөлуге болады:

1) халық денсаулығына қарсы жасалатын қылмыстар. Бұлардың қатарына басым көпшілігі есірткі заттары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қатысты қылмысты істерден тұратын ҚК-тің 259,260,261, 262,263,264.265,266, 267,268,269,272 - баптарында қарастырылған қылмыстар кіреді.

2) қоғамдық адамгершілікке қарсы жасалатын қыл-мыстар. Бұлардың қатарына ҚР ҚК-інің 271,272,273, 274, 275-баптарында қарастырылатын қылмысты әрекеттер жатады.

Халық денсаулығына қарсы жасалатын қылмыстардың, ең алдымен, өздерінің затының ерекшелігі бойынша анықталатын өзіне тән өзгешелігі болады. Бұл орайда, аталған қылмыстың заты болып табылатын тек есірткілік заттар мен жүйкеге әсер ететін заттар осы қылмыстар тобының барлық қылмыстарын біріктіруші ортақ ұйтқы болып табылады.

Есірткілік құралдарға синтетикалық сипаттағы немесе өсіп-өнетін заттармен қатар олардан жасалатын дәрілік препараттар, сол сияқты, дәл осылардың қатарына халықаралық конвенциялар бойынша жатқызылатын өсімдіктер, сонымен қатар, Қазақстан Республикасында бақылауға алынуы тиіс есірткілік заттар тізіміндегі адам денсаулығы мен психикасының (жүйкесінің) тәуелділігін тудыратын өсімдіктер жатады.

Есірткі заттарға қатысты қылмыстардың затына жататын есірткілік заттар мен жүйкеге әсер ететін заттардың қатары "Қазақстан Республикасында бақылауға алынуы тиіс есірткілік заттар, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорлар тізімінде" белгіленген

және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылдың 10-наурызында қабылдаған "Бақылауға алынуы тиіс есірткілік құралдар, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорлар туралы" 186-шы қаулысымен бекітілген. Осы тізімде бақылауға алынуы тиіс прекурсорлар қатары да белгіленген:

1) есірткілік құралдар - Қазақстан Республикасының заңына, "Есірткілік құралдар туралы 1961 жылғы ортақ конвенцияға өзгерістер туралы" 1972 жылғы протоколға сәйкес енгізілген өзгерістерімен қоса "Есірткілік құралдар туралы 1961 жылғы ортақ конвенцияға" сәйкес "Бақылауға алынуы тиіс есірткілік құралдар, жүйкеге әсер ететін заттар және прекурсорлар тізіміне" кіргізілген синтетикалық немесе табиғи текті заттар;

2) жүйкеге әсер ететін заттар - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, соның ішінде, жүйкеге әсер ететін заттар туралы 1971 жылғы конвенция сәйкес және "Қазақстан Республикасы заңына сәйкес бақылауға алынуы тиіс есірткілік құралдар, жүйкеге әсер ететін заттар және прекурсорлар тізіміне" енгізілген синтетикалық немесе табиғи текті заттар;

3) прекурсорлар - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары, соның ішінде, БҰҰ-ның есірткілік құралдар мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы 1988 жылғы конвенциясына сәйкес және "Қазақстан Республикасының заңына сәйкес бақылауға алынуы тиіс есірткілік құралдар мен жүйкеге әсер ететін заттар тізіміне" енгізілген есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттарды өндіру, дайындау, өңдеу кезінде пайдаланылатын заттар;

4) есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың аналогтары (теңдестері) - Үкімет қаулылары және БҰҰ-ның халықаралық конвенциялары арқылы есірткілік құралдар немесе жүйкеге әсер ететін заттар ретінде бекітілмеген, шектен тыс пайдаланылуы халықтың денсаулығына қауіпті болатын, қоздырушы, депрессивті немесе галлюцинациялық күй кештіретін, химиялық құрылымдары мен қасиеттері 1,2,3 таблицаларға кіргізілген заттардың құрылымдары мен қасиеттерімен ұқсас келетін, синтетикалық немесе табиғи текті заттар;

5) есірткілер - "Қазақстан Республикасында бақылауға алынуы тиіс есірткілік құралдар, жүйкеге әсер ететін заттар және прекурсорлардың тізіміне" енгізілген, қиянатты түрде қолданылуының салдары халық денсаулығына нақты қауіп төндіруші, есірткілік құралдар немесе жүйкеге әсер ететін заттар деп ажыратылатын өсімдіктер, заттар немесе препараттар;

6) Қазақстан Республикасында бақылауға алынуға тиіс есірткілік құралдар, жүйкеге әсер ететін заттар және прекурсорлардың тізімі (бұдан кейінгі жерде-Тізім)-халықаралық конвенциялар негізінде Қазақстан Республикасының үкіметі бекіткен, әрқайсысы нөмірге тізіліп, тиісті таблицаларға біріктірілген, Қазақстан Республикасында бақылауға алынуы

тиіс есірткілік құралдар, жүйкеге әсер ететін заттар және прекурсорлар тізімі;

7) есірткілік құралдарын, жүйкеге әсер ететін заттардың және прекурсорлардың айналымы-есірткілік құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорларды зерттеу, өндіру, өңдеу, жеткізіп алу, сыртқа шығару, өткізу, тасымалдау, жөнелту, ие болу, сақтау, бөлу, ұқсату, пайдалану немесе жойып жіберуге, құрамында есірткілік заттар бар өсімдіктерді өсіріп, жинап, дайындауға байланысты қызметтердің Қазақстан Республикасының заңына сәйкес рұқсат етілген және бақылауға алынған түрлері;

8) есірткілік құралдардың, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымы-есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорлардың Қазақстан Республикасының заңын бұза отыра жүргізілетін айналымы;

9) есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды қиянатпен қолдану (есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз қолдану) есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды дәрігердің белгілеуінсіз қасақана заңсыз тұтыну;

10) есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін заттарды және прекурсорларды жеткізіп алу және сыртқа шығару - есірткі құралдарының, жүйкеге әсер ететін заттардың және прекурсорлардың бір мемлекеттен басқа мемлекетке немесе бір мемлекеттің бір аймағынан басқа аймағына ауысуы;

11) есірткі құралдарының, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорлардың өткізілуі - есірткі құралдарының, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорлардың бір мемлекеттен басқа мемлекетке үшінші мемлекеттің жері арқылы ауысуы;

12) есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорларды тасымалдау және жөнелту - есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорлардың тасымалдау әдісі мен сақталу орнына қарамастан, Қазақстан Республикасының көлемінде заңсыз орын ауыстыруына қатысты кез келген қасақана әрекеттер;

13) халықаралық конвенцияға сәйкес Қазақстан Республикасында бақылауға алынуы тиіс есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорлардың тізіміне енгізілген, құрамында есірткілік заттар бар өсімдіктерді егу және апынды, көкнар мен сора (каннабис) немесе басқа да есірткі құрамдас өсімдіктерді өсіру;

14) есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттардан құрамдас өсімдіктерді жинау- халықаралық конвенцияға сәйкес Тізімге енгізілген, құрамында есірткілік заттар бар егілген немесе жабайы өсімдіктер жинау;

15) нашақорлық - есірткі құралдарына немесе жүйкеге әсер ететін заттарға, не осылардың теңдестеріне (аналогтарына) тәуелді болу салдарынан организмнің жүйке қызметі мен денсаулығының қатты зардап шегуінен туындаған ауру;

16) дәріден улану-халықаралық конвенциялар мен республикалық заң актілеріне сәйкес тізімдерге енбеген, жүйке белсенділігіне тигізетін әсері есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың әсерімен ұқсас келетін, түрлі текті дәрілік емес заттар мен дәрілік препараттарды қиянатпен қолдану;

17) нашақор - денсаулығы мен жүйкесі кез келген есірткілік, жүйкеге әсер ететін заттарға немесе олардың аналогтарына (теңдестеріне) тәуелді, денсаулық сақтау мекемесі белгіленген тәртіп бойынша "нашақорлық" диагнозын қойған тұлға;

18) арнайы емдеу-сауықтандыру мекемелері (орталықтар, ауруханалар, диспансерлер, бөлімдер немесе кабинеттер) заңмен белгіленген тәртіп бойынша нашаға қарсы көмек көрсетеді;

19) дәрігерлік куәландыру - нашаға мас болған күйін анықтау мақсатымен тұлғаны емханада тексеру;

20) дәрігерлік зерттеу "нашақорлық" диагнозын қою немесе жоққа шығару мақсатымен тұлғаның емханада жатып зерттелуі;

21) ерікті түрде емделу - нашақорлықтан, дәріге құмарлықтан немесе есірткіні қиянатпен қолданушылықтан науқас адамның не оның заңды өкілінің келісімі бойынша жүргізілетін ем;

22) еркінен тыс(мәжбүрлеп) емдеу - есірткілік немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз тұтынуды одан әрі жалғастыру немесе өз еркімен емделуден бас тарту кезінде нашақорлыққа ұшыраған тұлғаны соттың шешімі негізінде емханаға жатқызып емдеу;

23) дәрігерлік куәландырудан, дәрігерлік зерттеуден немесе емдеуден бас тарту- есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынушы тұлғаның дәрігердің белгіленген емі мен ұсыныстарын орындалуымен қатар, құқық қорғау орны қызметкерінің дәрігерлік куәландырудан немесе зерттеуден өтуге байланысты нұсқауын қасақана орындамау;

24) бөлшек сауда - есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін заттарды және прекурсорларды жеке тұтыну үшін дәрігердің жазып берген рецептін бойынша бір-бірлеп немесе азғантай мөлшерде сату;

25) көтерме сауда - есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорларды ірі мөлшерде сату;

Есірткеге қатысты қылмыстардың қатерлілігінің сипаты мен деңгейі, ең алдымен, бұл қылмыстардың заты болып табылатын есірткілік құралдар мен жүйкеге әсер ететін заттардың қаншалықты қауіпті екендігімен анықталады. Оларды қиянаттықпен тұтыну адамды оның бойында да, жүйкесінде де есірткіге тәуелділіктің пайда болуымен сипатталатын ауруға нашақорлыққа әкеліп соқтырады.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАР

- 1.Экологиялық қылмыстардың жалпы сипаттамасы және түрлері.
- 2.Жалпы сипаттағы экологиялық қылмыстар.
- 3.Ерекше сипаттағы экологиялық қылмыстар.

Өндірістің нығаюына, жер бетіндегі халықтардың өсуіне байланысты бүкіл әлемде сол сияқты жеке нақты бір елдің көлемінде қоршаған ортаны жақсарту, қорғау мәселесі өткір сұрақ болып отыр. Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, экологиялық қылмыстар үшін жауаптылықтың нормаларын белгілейтін ҚР Қылмыстық кодексі белгілі бір роль атқарады.

Экология деген сөз грек тілінен аударғанда *OICOS*-үй, тұрақ, мекен *loqos* - оқып үйренуді білдіреді.

Экологиялық қылмыстар-бұл қоғамдық қатынастарға, қоршаған ортаға теріс әсер ететін немесе оны тиімді пайдалануға кедергі болатын қылмыстық заңмен қарастырылған қоғамдық қауіпті әрекеттер.

Экологиялық қылмыстардың топтық объектісі болып, табиғи ресурстарды, адамға қажетті табиғи қоршаған ортаны және халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі заңмен қорғалатын қоғамдық қарым-қатынастар табылады.

Аталған қылмыстардың тікелей объектісі болып табиғи байлықтардың нақты кейбір түрлерін тиімді пайдалану мен олардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қоғамдық қарым-қатынастар табылады.

Экологиялық қылмыстардың заты болып табиғи ресурстардың кейбір түрлері танылады: жер, ауа, өсімдік, жануар т.б. Қарастырылатын қылмыстардың заты болып өндірісте адам еңбегінің шығыны болмаған табиғи ресурстар болып табылады. Экологиялық қылмыстар меншікке қарсы қылмыстардан осындай белгілері арқылы айрықшалаынады. Егер адам ормандағы ағаштарды кессе, мұндай жағдайда жауаптылық ҚК 291-бабы бойынша пайда болады, егер қала ішінде егілген шыршаны кессе және де көрсетілген қылмыстар құрамының орны белгілері болса ҚК 175-бабымен дәрежеленуі мүмкін.

Қылмыстың объективтік жағы бойынша экологиялық қылмыстар көп жағдайларда әрекет арқылы жүзеге асырылады, бірқатар түрлері әрекетсіздік күйде жасалынуы мүмкін. Мұндай қылмыстардың көбі материалдық қылмыс құрамына жатады.

Қылмыстың субъективтік жағы - абайсыздық, ал зиянды салдарына байланысты қасақаналық және абайсыздықтың белгілерімен сипатталады.

Экологиялық қылмыстардың субъектісі болып, 16 жасқа толған есі дұрыс адам танылады. Кейбір, аталған тараудың қылмыс құрамының түрлері арнайы субъектінің белгілерін қамтиды (ҚК 277, 294-баптары).

Заң әдебиеттерінен экологиялық қылмыстардың әр түрлі тұрғыдағы топтастыруын кездестіруімізге болады. Олардың арасынан төмендегі берілетін экологиялық қылмыстардың бөлінуі анағұрлым қолайлы деп тануға болады.

1. Жалпы сипаттағы экологиялық қылмыстар: "Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуы" (ҚК 277-бабы); "Ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру мен пайдалану кезінде экологиялық талаптардың бұзылуы" (ҚК 278-бабы); "Микробиологиялық немесе басқа биологиялық

агенттермен немесе улы заттармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерінің бұзылуы" (ҚК 279-бабы); "Суларды ластау, бітеу және сарқу" (ҚК 281-бабы); "Атмосфераны ластау" (ҚК 282-бабы); "Теңіз аясын ластау" (ҚК 283-бабы); "Жерді бүлдіру" (ҚК 285-бабы); "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимінің бұзылуы" (ҚК 293-бабы); "Экологиялық ластау зардаптарын жою жөнінде шара қолданбау" (ҚК 294-бабы).

2. Өсімдіктердің (флора) және жануарлардың (фауна) сақталуына қарсы қылмыстар: "Ветеринарлық ережелердің және өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген ережелердің бұзылуы" (ҚК 280-бабы); "Су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз алу" (ҚК 287-бабы); "Заңсыз аңшылық" (ҚК 288-бабы); "Жануарлар дүниесін қорғау ережелерін бұзу" (ҚК 289-бабы); "Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерімен заңсыз іс-әрекеттер" (ҚК 290-бабы); "Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу" (ҚК 291-бабы); "Ормандарды жою немесе зақымдау" (ҚК 292-бабы).

3. Жер қойнауының сақталуына қол сұғатын қылмыстар: "Қазақстан Республикасының құрылықтық шельфі туралы және Қазақстан Республикасының айырықша экономикалық аймағы туралы заңдардың бұзылуы" (ҚК 284-бабы); "Жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзу" (ҚК 286-бабы).

Қылмыстық кодекстің басқа тарауларында қоршаған ортаға қол сұғатындығы үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін нормалардың орын алатындығын ескеруіміз қажет, мысалы, ҚК 161-бабы "Экоцид", ҚК 268-бабы "Адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін мән-жайлар туралы ақпаратты жасыру".

КӨЛІКТЕГІ ҚЫЛМЫСТАР

1. Көліктегі қылмыстардың жалпы сипаттамасы.
2. Темір жол, әуе немесе су қилігі қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігінің ережелерін бұзу (ҚК 295-бабы).
3. Қилік құралдарын жөргізуші адамдардың жол қозғалысы және қилік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы.
4. Жол қилік оқиғасы болған орыннан кетіп қалу.
5. Қилік құралдарын немесе қатынас құралдарын қасақана жарамсыздыққа келтіру. Қиліктің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ережелерді бұзу.

Көлік қозғалысы мен оны пайдалану қауіпсіздігі көліктің (темір жол, су, әуе, автомобиль) апатсыз жұмысын жүзеге асырумен қатар, адам өмірі мен денсаулығын, құнды мүлікті, қоршаған табиғи ортаны қорғауға да байланысты қоғамдық қатынастардың кең көлемінен тұрады және бұл қатынастар экономикалық, техникалық, әлеуметтік және құқықтық сипаттағы шаралар арқылы жүргізіледі.

Осы айтылғанға сүйене отырып, көліктегі қылмыстарға қылмыстық заң тұрғысынан көлік құралдарын пайдалану және қозғалыс қауіпсіздігі аясындағы қоғамдық қатынастарға қол сұғушы және зиянды зардаптарға

әкеп соқтырушы немесе соқтыруы мүмкін қоғамға қауіпті іс-әрекеттер (әрекет немесе әрекетсіздік) ретінде қарастырылатын қылмыстар деген анықтама беруге болады.

Механикалық көлік құралдарын (темір жол, су, әуе және автомобиль) пайдалану мен қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясындағы қоғамдық қатынастар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 12-ші тарауына кіргізілген қылмыстардың топтық объектісі болып табылады.

Механикалық көлік құралдарын пайдалану және қозғалыс қауіпсіздігі аясындағы қоғамдық қатынастар тікелей объект, ал жәбірленушілердің өмірі мен денсаулығы, не мүліктің сақталғандығы - қосымша объект ретінде танылады.

Көліктегі қылмыстардың объективті жағы әрекет немесе әрекетсіздік, қоғамға қауіпті зардаптар және олардың арасындағы себепті байланыс (ҚК 295-бап, 304-баптың 2 және 3-бөлімдері, 305-баптың 2-бөлімі) сияқты міндетті белгілердің болуымен сипатталады, яғни құрылымы жағынан материалдық болып келеді. Талқыланатын баптардың кейбіреулері формальды үлгіде тұжырымдалған, оған ҚК 304, 305, 306-баптарының 1-бөлімдерін жатқызуға болады.

Көліктегі қылмыстар туралы баптардың диспозициялары, негізінен, бланкетті сипатта болып келеді. Заңның бұл шешімі темір жол, су, әуе және автомобиль көлігі ұдайы жетілдіріп отыратындықтан, көліктің бұл түрлерін пайдалану мен қозғалыс қауіпсіздігінің тиісті, қылмыстық заңның реттеуші күшімен кезінде қамтылмаған, ережелерінің де сөзсіз өзгеріске ұшырайтындығынан туындайды. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестің дамуы жағдайында қоғамдық қатынастардың аталған тобын қылмыстық-құқықтық тұрғыдан тиімді түрде қамтамасыз ету бланкетті диспозициялары бар нормалардың болуымен тікелей байланысты.

Бұл орайда сүйенетін нормативті актілердің ең маңыздылары ретінде ҚР Конституциясын, ҚР 1994 жылғы 21 қыркүйекте қабылданған "Көлік туралы" Заңын, ҚР 1996 жылғы 15 шілдеде қабылданған "Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы" Заңын атауға болады.

Сол сияқты, бұл қатарға:

а) темір жол көлігі бойынша - ҚР темір жолдарының жарғысы, ҚР темір жолдарын техникалық пайдалану ережелерін, ҚР темір жолдарындағы поезддардың қозғалысы мен маневрлер жұмысы бойынша нұсқауды және т.б.;

б) су көлігі бойынша - Кемелер соқтығысуын болдырмаудың халықаралық ережелерін, Кемелерді техникалық пайдалану ережелерін, Саудамен теңізде жүру кодексін және т.б.;

в) әуе көлігі бойынша - ҚР-ның әуе кодексін, ҚР-ның әуе жолдарымен жолаушылар, қол жүгін, жүктер тасымалдаудың ережелерін, ҚР-ның азаматтық авиациясында ұшу жұмыстарын жүргізу бойынша нұсқауды, ҚР-ның азаматтық авиациясында әуе көліктерін техникалық пайдалану бойынша нұсқауды;

г) автомобиль көлігі бойынша - Қазақстан Республикасындағы жол қозғалысының 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген ережелерін жатқызуға болады.

Көліктегі қылмысты дұрыс бағалау үшін, қылмыстың заты ретінде көліктің түрін дәл анықтаудың маңызы зор. Рельспен жүретін механикалық көлік (локомотивтер, дрезиндер, вагондар, жартылай вагондар, платформалар, цистерналар, крандар, метро поездары) өзінің ведомстволық меншігіне қарамастан темір жол деп танылады.

Су жолы көлігінің қатарына (теңіз және өзен кемелерінің) жолаушылар таситын, ғылыми-зерттеу, көлік, табыс табушы (балық аулаушы, краб аулаушы, т.б.), өңдеуші (жүргізуші базалар мен жүргізуші заводтар), қосымша (буксирлер, т.б.), техникалық (түпті тереңдеткіш, түпті тазалағыш снарядтар, кабель жүргізуші, т.б.), құтқарушы, спорттық кемелер, соның ішінде, ауа толтырылған тіректегі, сүңгуір қанатты кемелер де жатады.

Заң су жолы көлігінің қатарына, сонымен бірге, бас двигателінің қуаттылығы 75 ат күшінен кем шағын мөлшерлі теңіз және өзен көліктерін, жалпы сиымдылығы 80 регистрлі тоннадан кем өzdігімен жүрмейтін көліктерді, азаматтардың меншігіндегі моторлы кемелерді (двигатель қуаттылығына қарамастан), желкенді кемелерді, 100 және одан да көп килограмдық жүк көтере алатын ескекті қайықтарды, байдаркалар мен үрленетін қайықтарды жатқызады¹.

Әуе көлігінің қатарына азаматтық авиация көлігімен қатар әуеде ұшатын басқа да құралдар (гидроұшақтар, ұшақтар, тікұшақтар, автожирлер, аэростаттар, дирижабльдер, планерлер, т.б.) жатады.

Заң көліктегі қылмыстардың жоғарыда аталған заттарының қатарына қатынас жолдарын, байланыс және белгі беру құралдарын қосады.

Қатынас жолдары ретінде: темір жолда - кәдімгі, тар табанды, балалар темір жолы, кәсіпорындарға, кен орындарына, шахталарға, т.б. тартылған жеке жолдар; су көлігінде - мұхиттың немесе теңіздің ашық жерлері, бұғаздар, каналдар арқылы кемелің жүретін жолы, сол сияқты, ішкі су жолдары (кеме жүретін және сал ағызатын өзендер, көлдер); әуе көлігінде - әуе жолдары мен жергілікті әуе жолдары танылады.

Белгі беруші құралдарға жататындар: темір жол көлігінде - жолдың автоматты және жартылай автоматты блокаделануы, локомотивтің автоматты белгі беру жүйесі; су көлігінде - маяктар, қалқып жүретін белгілер, навигациялық (суда жүру) белгілер; әуе көлігінде - радиомен белгі беруші жүйелер, жарықпен белгі беретін қондырғылар және т. б.

Темір жол көлігіндегі- радиобайланыс, сым арқылы байланыс; судағы - рациялар, телетайптар; әуе көлігіндегі - радарлар, ультрақысқа толқындағы радиобайланыс, борттағы жауап бергіш құралдар, т.б., байланыс құралдары болып табылады.

¹ Қазақстан Республикасының Заңдар жинағы, 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген ережелерін жатқызуға болады.

Субъективті жағынан алғанда, көліктегі жасалатын қылмыстардың басым көпшілігі қылмыстық менмендік немесе қылмыстық немқұрайлық түрі ретіндегі абайсыз кінә ретінде сипатталады. Бұл қылмыстардың кейбіреулері (ҚК 297, 306-баптары және 305-баптың 1-бөлімі) тек қасақана жасалуы мүмкін.

Талқыланушы іс-әрекеттердің субъектілері ретінде, ҚК-тің жауаптылықты 14-жастан бастап жүктейтін 299-шы бабынан басқа жағдайларда, ақыл-есі дұрыс, 16-жасқа толған кез келген жеке тұлғалар таныла алады. Көліктегі қылмыстардың бірқатарының субъекті (ҚК 295, 302, 305, 306-баптары және 298-баптың 1-бөлімі) - арнайы субъект болуы мүмкін. Көліктегі қылмыстарды екі топқа жіктеуге болады:

1. Көлік құралдарын пайдалану және қауіпсіздігі ережелерін бұзумен тікелей байланысты қылмыстар. Бұлардың қатарына ҚК-нің 295-298, 300, 302, 306-баптары арқылы жауаптылық көзделген қылмыстар жатады.

2. Көлік құралдарын пайдалану және қозғалыс қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуымен байланысы жоқ қылмыстар. Бұл қатарға ҚК-тің 299, 301, 303-305-баптары арқылы жауаптылық көзделген қылмыстар жатады.

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару м%одделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және мзге де қылмыстар.

1. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару м%одделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және мзге де қылмыстардың жалпы сипаттамасы.

2. Мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның немесе оған теңестірілген адамның ұғымы.

3. Қызметтік мкілеттіліктерді теріс пайдалану және оның ауырлатылған т%орлері.

4. Билікті немесе қызметтік мкілеттілікті асыра пайдалану.

5. Парақорлық %шін жауаптылық.

6. Қызметтік жалғандық жасау. Қызметтегі әрекетсіздік.

Қоғамның түбегейлі қайта қаралуы кезінде әлеуметтік-саяси тұрғыдағы дамуы мен экономикасының өсуіне басты себептердің бірі ретінде мемлекеттік басқару органдары және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының атқаратын қызметі ерекше роль атқарады.

Мемлекеттік қызметтің әділ жүзеге асырылуы оның қызметкерлерінің өз міндеттеріне жауаптылықпен қарауы қоғам мен мемлекеттің елеулі мәселелерін шешуде орасан себептігін тигізеді. Осыған байланысты мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметкерлерінің арасындағы қылмыстылықтың орын алуы елеулі қауіптілікті туғызып отыр. Сонымен қатар әсіресе экономикалық қызмет саласында, саяси, әлеуметтік өмірде, соның ішінде, мемлекеттік қызмет саласында, жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметкерлері арасында ұйымдасқан қылмыстылықтың бас сұғуы басты мәселенің бірі болып отырғандығы біздерге мәлім.

Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметкерлері өздерінің қылмыстық әрекеттері мен еліміздің қалыпты тұрғыдағы дамып жетілуіне кедергі келтіреді. Осы аталған қылмыс түрлерімен күресу немесе оларды алдын алу үшін мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстардың түсінігі мен олардың басқа қылмыс түрлерінен айырмашылығын білуіміз қажет. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі "Мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстарды" жеке тараулардың бірі ретінде айырықша белгілеп отыр.

Мемлекеттік қызмет мүдделері - коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделерімен ұқсас болып келеді. Бірақ коммерциялық ұйымдардың лауазымды тұлғаларының билікті немесе қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалануы, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқтырғаны мен мемлекеттік қызмет мүдделеріне және де мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет атқаруына кедергі келтіре алмайтындығымен айрықшаланады. Мемлекеттік аппараттың лауазымды тұлғалары өздерінің қызмет өкілеттігін теріс пайдалануы арқылы мемлекеттің мүддесіне, яғни заң атқарушы, соттық билікке, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына олардың қалыпты қызмет жүйелеріне және де азаматтың алдында қоғам мүддесін әлсірету мен кері тартушылығымен сипатталады. Демек, коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстардың ерекшелігі сол, яғни осы аталған ұйымдардың тұлғалары, ең алдымен, өздерінің коммерциялық құрылымдарына, сонымен қатар, қоғамдық бірлестіктер немесе сол сияқты ұйымдардың, яғни мемлекеттік емес органдардың қызметтік емес органдары қызметтік дәрежесіне нұқсан келтіреді.

Қылмыстық заңмен, яғни мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстарға тікелей анықтама берілген, сондықтан теориялық тұрғыда аталған қылмыстардың тобын лауазымды адамның өз қызметтік өкілеттігін пайдаланып азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне және мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет атқаруына қарсы қол сұғушылығын "Мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар", деп түсінуімізге болады.

Қылмыстық кодекстің аталған тарауындағы қылмыстардың жасалуына қарай, өзіне тән арнайы белгілерге ие бола алады: 1) мемлекеттік аппараттың заңды қалыпты тұрғыдағы қызмет мүдделеріне қол сұғылуы, яғни заңмен қорғалатын объектілерге қол сұғылуы; 2) лауазымды адамның өз қызметтік өкілеттігін, қызмет мүдделеріне қарсы азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқтырған әрекет немесе әрекетсіздік (қылмыстың объективтік жағы); 3) қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың лауазымды тұлғалармен, мемлекеттік қызметкерлер арқылы жасалынуы (қылмыс субъектісі); 4) қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың кінәлі түрде, яғни қасақана немесе абайсыздық түрде жүзеге асырылуы (қылмыстың субъективтік жағы).

Осы тараудағы барлық көзделген қылмыстардың нұқсан келтіретін объектісі болып - жергілікті өзін-өзі басқарушы органдардың мемлекеттік аппараттың қалыпты тұрғыдағы қызметі табылады.

Аталған қылмыстардың тікелей объектісі болып-тараудағы қарайтын нақты айқындалған (қылмыс құрамының түрлері), яғни мемлекеттік басқару органдары, мемлекеттік қызмет пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі табылады.

Қылмыстардың қосымша объектісі болып - азаматтардың немесе ұйымдардың меншігі, жеке басы мүдделері табылады. Кейбір қылмыстардың міндетті белгісі болып олардың заты танылады: мүліктік сыйақы (ҚК 311-313- баптары), ресми құжаттар (ҚК 314-баптары).

Басқару органдары немесе мемлекеттік органдардың қызметіне нұқсан келтірілуіне байланысты, аталған тарау бойынша қылмыстың объективтік жағы әр түрлі нысандардан құралған. Аталған қылмыстардың басым көпшілігі белсенді әрекет ретінде, ал кейбір қылмыстар (салақтық, қызметтегі әрекетсіздік) әрекетсіздік ретінде жасалынады.

Осы тараудағы қылмыстардың объективтік жағы, арнаулы белгілерге ие бола отырып, материалды құрамдағы қылмыстарды (ҚК 307-309, 315, 316-баптары) және формальды құрамды қылмыстарды (ҚК 310-314-баптары) қамтиды.

Қылмыстың материалды құрамының міндетті белгілері болып - қоғамға қауіпті әрекет пен түскен зардаптың арасындағы себептік байланысы табылады.

Азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне нұқсан келтіруі -қылмыстың ерекше белгілерінің бірі ретінде танылады.

Біріншіден, лауазымды тұлға немесе өкімет өкілі қызметін жүзеге асыруында,өзіне жүктелген қызметтік міндеттерін қылмыстық жолға, яғни кереғар пайдалануынан тұратындығымен көрінеді.

Екіншіден, (қызмет мүддесіне қарсы қылмыстар) өкілеттілік бойынша өкіметтің өкілі қызметін жүзеге асырушы не мемлекеттік органдар қызметтерін жүзеге асырушы адамдар, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуы, заңды бостандықтарын, құқықтары мен мүдделерін кемсітуі, елеулі түрдегі мүліктік зардап келтіруі, өндірістерді тоқтатуымен сипатталынады.

Қылмыстың субъективтік жағы - ҚК аталған тарауда көзделген қылмыстардың барлық түрлері кінәнің нысаны бойынша тек қасақаналық болып танылады. Қылмыстық кодекстің 316-бабында көзделген қылмыс құрамы, кінәнің абайсыздықтағы нысанын құрайды.

Кейбір қылмыстар (мысалы, ҚК 307, 310, 314- баптары) пайдакүнемдікпен немесе жеке басының мүддесі үшін немесе (ҚК 311-б) пайдақорлық мақсатпен жасалынады.

Қылмыстың субъектісі - заңға сәйкес лауазымды тұлғалар және мемлекеттік қызмет атқаратын адамдар, яғни арнайы субъектілері болып,

ал ҚК 312, 313-баптары бойынша - 16 жасқа толған қандай да болмасын есі дұрыс адам танылады.

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар.

1.Басқару тәртібіне қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы және түрлері.

2.Мемлекеттік биліктің беделіне және ҚР мемлекеттік шекарасының мызғымастығына қол сұғатын қылмыстар. 3.Ресми құжаттарды жергізудің белгіленген тәртібіне қол сұғатын қылмыстар.

Қазіргі дамуы кезеңіндегі мемлекеттің жалпы міндеттерінен туындайтын басқару міндеттері, егер басқару тәртібі сақталған, өкімет пен басқару органдарының қалыпты қызметі бұзылмаған жағдайларда ойдағыдай шешіледі. Басқару органдары халық шаруашылығының дамуына тікелей басшылық етеді, арнайы және мәдени құрылысты ұйымдастырады, оларға бағыт береді, мемлекеттің қауіпсіздігіне қорғау жөнінде заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүргізеді.

Кез келген басқару тәртібін бұзушылық басқару міндеттерін жүзеге асыруға кедергі келтіреді, сондықтан олардың қоғамдық қауіптілігінің дәрежесі де әр түрлі. Басқару тәртібін бұзушылық оның қоғамдық қауіптілігі жағынан алып қарағанда барлығы бірдей қылмыс деп қаралмайды.

Басқару тәртібіне қарсы қылмыс басқару тәртібін бұзудың аса қауіпті түрі деп саналады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 14-тарауы қылмыстық қол сұғушылықтан басқару тәртібін қорғауға бағытталған нормалардың бірқатар тобын көздейді.

Өздерінің мазмұнының әр түрлілігіне қарамастан бұл қылмыстардың бәрі бір белгі бойынша, яғни тектік объектісі бойынша бір тарауға біріктіріледі. Басқару тәртібіне мемлекеттік - қоғамдық, кооперативтік және басқару жүйесіндегі басқа да органдардың қалыпты қызметін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар жүйесі енеді.

Басқару жүйесіндегі нақты қоғамдық қатынастар (өкімет органдарының қалыпты қызметі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құрылысының белсенділігінен қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар, лауазымды адамдарды қызметке тағайындау, сайлау саласындағы басқару тәртібі, құқықтық мәні бар фактілерді документтерді дәлелдейтін тәртіп - осы қылмыстар тобының тікелей объектілері болады).

Осы топтың кейбір қылмыстық түрлерінің қосымша объектілері болып өкімет өкілдерінің ар-ожданы мен қадір-қасиеті, жеке адамның қауіпсіздігі, оның өмірі мен денсаулығы табылады.

Объективтік жағынан басқару тәртібіне қарсы қылмыстар әр түрлі. Басым көпшілігі қылмыстық әрекеттер жасау түрінде білдіріледі, ал кейбіреулері әрекетсіздік түрінде жасалады (ҚК 326-бабы "Әскери қызметтен жалтару") қараңыз.

Басқару тәртібіне қарсы қылмыс өзінің құрылысы бойынша - формальды, яғни, зардаптардың пайда болуын талап етпейді. Олардың кейбіреуі зардаптың пайда болуына әкеп соқтыратын әрекеттерді қылмыстың дәрежелеуші құрамы деп таниды. Мұндай құрамдар материалдық (құқық қорғау немесе бақылау органдарының лауазымды адамына қатысты қолданылатын қауіпсіздік шаралары туралы мәліметтерді жария ету (ҚК 322-бабының 2-бөлімі), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын құқыққа қарсы өзгерту (ҚК 331-бабының 2-бөлімі), өзінше билік ету (ҚК 327-бабының 3-бөлімі), жиналыстарды, митингілерді, пикеттерді, көше шерулерін және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін бұзу (ҚК 334-бабы 1 және 2-бөлімдері) ҚК 336-бабы 1-бөлімі, ҚК 338-бабы 1-бөлімі) болып табылады.

Басқару тәртібіне қарсы қылмыс субъективтік жағынан қасақаналық ниетпен сипатталады. Қылмыстың жекелеген құрамы субъективтік жағынан қылмыстың себебі мен мақсатын болжайды (ҚК 318-бабы 3-бөлімі, ҚК 316-бабы 3-бөлімі).

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстың көп бөлігінің субъектілері болып есі дұрыс, жасы 16-ға толған жеке тұлғалар табылады. "Әскери қызметтен жалтару" сияқты (ҚК 326-бабы) қылмыс арнайы субъектіні болжайды.

Басқару тәртібіне қарсы тікелей объектілерге байланысты мына топтарға бөлуге болады:

- 1) Қазақстан Республикасының беделіне қол сұғу (ҚК 317-бабы).
- 2) Мемлекеттік органдарды басқару қызметіне байланысты өкімет өкілдері мен өзге адамдардың қызметіне қол сұғу (ҚК 318-322, 328-б. б.).
- 3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының дербестігіне қол сұғу (ҚК 330-331-б. б.).
- 4) Ресми құжаттардың және мемлекеттік наградалардың айналымы тәртібіне қол сұғу (ҚК 323-325-б. б.).
- 5) Басқару тәртібін қамтамасыз ететін жекелеген ережелерді бұзу (ҚК 326, 327, 334-338-б. б.).
- 6) Басқару тәртібіне қол сұғудың арнайы түрлері (ҚК 329, 332, 333-б. б.).

Сот тириелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстар.

- 1.Сот тириелігі м%ддесіне қарсы қылмыстардың қылмыстық заңнамада даму тарихы.
- 2.Сот тириелігі органдарының лауазымды адамдары жасаған сот тириелігі м%ддесіне қол сұғатын қылмыстар. Кінәсіз адамды қирінеу қылмыстық жауаптылыққа тарту. Қылмыстық жауаптылықтан қирінеу заңсыз босату. Қирінеу заңсық ұстау, қамауда ұстау немесе қамауға алу %шін қылмыстық жауаптылық. Жауап беруге мәжб%рлеу. Қинау. Дәлелдемелерді бұрмалаудың объективтік және субъективтік белгілері. Қирінеу әділетсіз сот %кімін, шешімін немесе мзгедей сот актісін шығару. Қылмысқа жанасушылық %шін жауаптылық.

Құқық қорғау органдары елімізде заңдылықпен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде, жеке адамды, оның заңды құқықтары мен мүдделерін, жеке меншікті, қоғамдық тәртіппен қоғамдық қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын және оның аумақтық тұтастығын қорғау ісіне басты рөл атқарады.

Құқық қорғау органдарының қызметтеріне заңдылықтың сақталуына Қазақстан Республикасының ҚК 15-тарауында қамтылатын сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстардың жауапкершілігі туралы Қылмыстық кодекстің қалыптары (нормалары) жүзеге асырады.

Қылмыстық кодекс әділ сот органдары деп - сотты ғана емес, сонымен бірге қылмыстық және азаматтық істерді соттың дұрыс шешілуін қамтамасыз ететін органдары; прокуратура, әділет, алдын ала анықтау, алдын ала тергеу органдары, сондай-ақ соттың тағайындаған жазасының орындалуын қамтамасыз ететін мекемелер түсіндіріледі. Сот төрелігі мен жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстар аталған органдардың қалыпты қызметін айтарлықтай бұзады, олардың беделін түсіреді және жеке адамның, сондай-ақ ұйымның мүдделеріне елеулі зиян келтіреді.

Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстардың туыстық объектісі болып - әділ сотты жүзеге асырудағы құқық қорғау органдарының қалыпты қызметі табылады.

Әділ сотты жүзеге асыру кең мағынада түсіндіріледі, яғни тікелей сот органдарының қызметі ғана емес, сонымен қатар әділ сотты оларсыз жүзеге асыру мүмкін емес органдардың қызметі (прокуратура, алдын ала анықтау органдары, үкімдерді орындау және т.б.).

Қазіргі кезде қалыптасқан әділ сотқа қарсы қылмыстар жүйесі әділ сотты, прокуратура қызметін, тергеу және алдын ала анықтау органдарының, сондай-ақ заңды күшіне енген үкімдер мен шешімдерді орындауға келтіретін органдардың қызметінің қылмыстық-құқықтық қорғауын қамтамасыз етуге арналған қалыптарды енгізу.

Сот төрелігін және олардың жазаларының орындалу тәртібіне қарсы қарсы кейбір қылмыстар басқа тікелей объектіге, яғни құқықтары мен мүдделері заңмен қорғалатын жеке адамға да қол сұғады. Мұндай қылмыстарға: сот төрелігін немесе алдын ала тергеуді жүзеге асырушы адамның өміріне қол сұғу (ҚК 340-бабы), көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту (ҚК 344-бабы), көрінеу заңсыз ұстау, қамауға алу немесе қамауда ұстау (ҚК 346-бабы), көрінеу әділетсіз сот үкімін, шешімін немесе өзге де сот актісін шығару (ҚК 350-бабы), жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу не мәжбүр ету (ҚК 354-бабы) жатады.

Қылмыс объективтік жағынан көбінесе әрекет жасау жолымен жасалады. Тек кейбір мынадай қылмыстар: куәнің не жәбірленушінің жауап беруден бас тартуы немесе жалтаруы (ҚК 353-бабы), сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау (ҚК 362-бабы), қылмыс туралы хабарламау (ҚК 364-бабы), әрекетсіздік жолымен жасалады.

Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы

қылмыстардың субъектісінің бірі болып - лауазымды адамдар ғана табылады: көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту (ҚК 344-бабы), қылмыстық жауаптылықтан көрінеу заңсыз босату (ҚК 345-бабы), көрінеу заңсыз ұстау, қамауға алу не қамауда ұстау (ҚК 346-бабы), жауап беруге мәжбүр ету (ҚК 347-бабы), көрінеу әділетсіз сот үкімін, шешімін немесе өзге де сот актісін шығару (ҚК 350-бабы), ал екіншісі: лауазымды адам болып табылмайтын, бірақ арнайы субъектінің өзгедей белгілеріне ие адамдар: көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару (ҚК 352-бабы), куәнің немесе жәбірленушінің жауап беруден бас тартуы немесе жалтаруы (ҚК 353-бабы), алдын ала анықтау немесе алдын ала тергеудің деректерін жария ету (ҚК 356-бабы), судьяға және қылмыстық процеске қатысушыларға қатысты қолданылатын қауіпсіздік шаралары туралы мәліметтерді жария ету (ҚК 356-бабы), бас бостандығынан айыру орнынан, тұтқындаудан немесе қамаудан қашу (ҚК 358-бабы), қылмысты атқару мекемесі әкімшілігінің талаптарына қасақана бағынбау (ҚК 360 -бабы).

Қылмыс субъективтік жағынан қасақаналық ниетпен жасалады.

Құқықтық әдебиетте сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстардың түрліше дәрежелеуін кездестіруге болады. Кейбір ғалымдар аталған қылмысты қылмыс субъектісінен тәуелді топтарға бөледі, ал басқалары - тікелей объект бойынша топтарға бөледі. Біздің заң үшін осы қылмысты тікелей объект бойынша төрт топқа бөліп қарау ыңғайлы.

Әділ соттың Конституциялық принциптерінің жүзеге асыруын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастарға қол сұғу - қылмыстың 1-ші тобы, бұларға сот төрелігін жүзеге асыруға және алдын ала тергеу жүргізуге кедергі жасау (ҚК 339-бабы), көрінеу кінәсіз адамды жауаптылыққа тарту (ҚК 344-бабы), қылмыстық жауаптылықтан көрінеу заңсыз босату (ҚК 345-бабы), көрінеу заңсыз ұстау, қамауға алу немесе қамауда ұстау (ҚК 346-бабы), жауап беруге мәжбүрлеу (ҚК 347-бабы), параға немесе коммерциялық сатып алуға арандату (ҚК 349-бабы), көрінеу әділетсіз сот үкімін, шешімін не өзгедей сот актісін шығару (ҚК 350-бабы), адвокаттар мен өзге адамдарды, азаматтарды қорғау және оларға заңгерлік көмек көрсету жөніндегі заңды қызметіне кедергі жасауды (ҚК 365-бабы) жатқызуға болады.

Сот төрелігін және жазалардың орындалу тәртібін қарсы қылмыстардың екінші тобы олардың міндеттері мен мақсаттарына сәйкес құқық қорғау органдарының қалыпты қызметін қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғады. Бұларға: сот төрелігін немесе алдын ала тергеуді жүзеге асырумен адамдардың өміріне қол сұғу (ҚК 340-бабы), сот төрелігін жүзеге асыруға немесе алдын ала тергеу жүргізуге байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері (ҚК 341-бабы), сотты құрметтемеу (ҚК 342-бабы), судьяға, прокурорға, тергеушіге, алдын ала анықтауды жүргізуші адамға, сот приставына, сот орындаушысына қатысты жала жабу (ҚК 343-бабы), судьяға қылмыстық процеске қатысушыларға

қатысты қолданылатын тәуелсіздік шаралары туралы мәліметтерді жария ету (ҚК 356-бабы), қылмысты жасыру (ҚК 363-бабы), қылмыс туралы хабарламау (ҚК 364-бабы) жатады.

Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстардың үшінші тобы іс бойынша ең анық дәлелдерді алуды қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғады: айғақтарды бұрмалау (ҚК 348-бабы), көрінеу жалған сөз жеткізу (ҚК 351-бабы), көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аударуы (ҚК 352-бабы), куәнің немесе жәбірленушінің жауап беруден бас тартуы немесе жалтаруы (ҚК 353-бабы), жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу не мәжбүр ету (ҚК 354-бабы).

Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстардың төртінші тобы сот актісін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғады: сотталған немесе иелік етуге тыйым салынған не тәркілеуге жататын мүлікке қатысты заңсыз әрекеттер (ҚК 357-бабы), бас бостандығынан айыру орнынан тұтқындаудан немесе қамаудан қашу (ҚК 358-бабы), бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден жалтару (ҚК 359-бабы), қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің талаптарына қасақана бағынбау (ҚК 360-бабы), қоғамнан оқшалауды қамтамасыз ететін мекемелердің қалыпты қызметінің тәртібін бұзу (ҚК 361-бабы), сот үкімін, сот шешімін немесе өзге сот актісін орындамау (ҚК 362-бабы).

ӘСКЕРИ ҚЫЛМЫСТАР

- 1.Әскери қылмыстардың ұғымы және жалпы сипаттамасы. Әскери қылмыстардың түрлері.
- 2.Әскери лауазымды қылмыстар.
- 3.Әскери тәртіпті өтеу тәртібіне қарсы қылмыстар.
- 4.Белгіленген тәртіп пен әскери құпияны сақтауға қарсы қылмыстар.

Қазақстан Республикасын қарулы агрессиядан қорғау мемлекеттің ең маңызды функцияларына жатады және бүкілхалықтық іс болып келеді. Конституцияның 36-бабының 1-бөлігіне сай Қазақстан Республикасын қорғау, ұлтына, әлеуметтік тегіне, тұрғылықты жеріне, мүліктік және лауазымды жағдайына, нәсіліне, тіліне, біліміне, дінге қатынасына, кәсібінің тегіне және мінезіне, саяси және өзге сенімдеріне, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерге жатуына қарамастан, оның әр азаматының ардақты борышы және міндеті болып келеді.

Қазақстан Республикасының азаматтары әскери қызметті заңмен белгіленген тәртіпте және түрлерде атқарады (Конституцияның 36-бабының 2-бөлігі).

Қарулы Күштердің әскери жарғылары әскери бөлімдері, басқармалары, мекемелері және ұйымдарының әскери қызметшілері әскери қызметті атқаруының қатаң тәртібін тұралап анықтаған. Әскери

тәртіпті бұзу, құқық бұзушылықтар жасау үшін әскери қызметшілері тәртіптік, материалдық, әкімшілік және қылмыс жауапкершілігін көтереді.

Әскери қызметшілерінің қылмыстарды жасағаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының ҚК 16-тарауында (әскери қылмыстар) анықталған.

ҚК 336-бабына сай: "Әскерге шақыру бойынша не келісім шарт бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасы басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында әскери қызмет атқарушы әскери қызметшілердің, сондай-ақ запастағы азаматтардың жиындардан өту кезінде әскери қызмет атқарудың белгіленген тәртібіне қарсы осы тарауда көзделген қылмыстарды жасауы әскери қылмыстар деп танылады".

Заңның мазмұнынан әскери қылмыстар болып, әскери қызметті атқару тәртібін реттейтін қатынастарға (әскери қылмыстардың тектік объектісі) қиянат ететін қоғамдық қауіпті іс-әрекеттер болып табылады.

Әскери қызметшілерінің әскери қызметті атқарудың белгілі тәртібіне озбырлық жасамайтын құқыққа қайшы іс-қимылды жасауы, мысалы: қарақшылық, зорлау, бұзақылық және с.с. әскери қылмыстарға жатпайды және жауапкершілікті ҚК басқа тиісті тарауларының баптары бойынша тудырады.

Бөлек әскери қылмыстарының нақты объектісі болып - әскери қызметті өтудің бір немесе өзге жақтарын орнататын қатынастар келеді. Нақты объектісі бойынша әскери қылмыстарды алты топқа бөлуге болады:

1. Әскери қызметкерлерінің арасындағы бағынушылық тәртібіне және жарғылық қарым-қатынастарға қиянат жасайтын қылмыстар: бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау (ҚК 367-бап); бастыққа қарсылық көрсету немесе оны қызметтік міндеттерін бұзуға мәжбүр ету (ҚК 368-бап); бастыққа қарсы күш қолдану әрекеттері (ҚК 369-бап); бір-бірінің бағыныштық қатынастары болмаған кезде әскери қызметшілердің арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық ережелерін бұзу (ҚК 370-бап); әскери қызметшіге тіл тигізу (ҚК 371-бап);

2. Әскери қызметті өту тәртібіне қиянат жасайтын қылмыстар: бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету (ҚК 372-бап); қашқындық (ҚК 373-бап); дене мүшесіне зақым келтіру жолымен немесе өзге тәсілмен әскери қызметтен жалтару (ҚК 374-бап);

3. Арнайы қызметті атқару тәртібіне қарсы бағытталған қылмыстар: жауынгершілік кезекшілікті атқарудың ережесін бұзу (ҚК 375-бап); шекаралық қызмет атқарудың ережесін бұзу (ҚК 376-бап); қарауыл (вахта) қызметін атқарудың ережелерін бұзу (ҚК 377-бап); ішкі қызмет атқарудың және гарнизонда патруль болудың жарғылық ережелерін бұзу (ҚК 378-бап); қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет атқарудың ережелерін бұзу (ҚК 379-бап);

4. Қаруды, оқ-дәрілерін, өзге әскери мүлікті күтіп ұстаудың тәртібіне және әскери техниканы пайдалану ерекшеліктеріне қиянат жасайтын қылмыстар: құрып бара жатқан әскери кемеңі тастап кету (ҚК 382-бап); әс-

кери мүлікті қасақана құрту немесе бүлдіру (ҚК 387-бап); әскери мүлікті абайсыздықта құрту немесе бүлдіру (ҚК 388-бап); әскери мүлікті жоғалту (ҚК 389-бап); айналадағыларға қауіп туғызатын қару-жарақты, сондай-ақ заттар мен нәрселерді ұстау ережелерін бұзу (ҚК 390-бап); машиналарды жүргізу немесе пайдалану ережелерін бұзу (ҚК 391-бап); ұшу немесе оған даярлану ережелерін бұзу (ҚК 392-бап); кеме жүргізу ережелерін бұзу (ҚК 393-бап);

5. Әскери басқарудың қалыпты қызмет етуіне және Қарулы Күштердің мәртебесіне қиянат жасайтын қылмыстар: билікті теріс пайдалану, биліктің асыра қолданылуы немесе әрекетсіздігі (ҚК 380-бап); қызметке селқос қарау (ҚК 381-бап); жауға соғыс жүргізу құралдарын беру немесе тастап кету (ҚК 383-бап); әскери сипаттағы құпия мәліметтерді жария ету немесе әскери сипаттағы құпия мәліметтері бар құжаттарды жоғалту (ҚК 386-бап);

6. Қарулы Күштердің беделіне және әскери тәртіпке қарсы бағытталған қылмыстар: тұтқынға өз еркімен берілу (ҚК 384-бап); тонаушылық (ҚК 385-бап);

Әскери қылмыстардың объективтік жағы әрекеттерден, мысалы бастыққа қарсы күш қолдану іс-әрекетінде (ҚК 369-бап), әскери қызметшіге тіл тигізуде (ҚК 371-бап) немесе әрекетсіздіктен, мысалы: қызметке селқос қарағанда (ҚК 381-бап) тұруы мүмкін.

Өзінің құрылысы бойынша әскери қылмыстардың құрамдары - формальды (ҚК 373-бап), материалды (ҚК 390-бап) немесе формальды-материалды болуы мүмкін (ҚК 376-бап).

Көптеген әскери қылмыстардың субъективтік жағы қасақана кінәмен сипатталады, мысалы: бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету (ҚК 372-бап), қашқындық (ҚК 373-бап), әскери мүлікті қасақана құрту немесе бүлдіру (ҚК 387-бап) және басқалары. Кейбір әскери қылмыстар абайсыздықтан да жасалынуы мүмкін, мысалы: әскери мүлікті абайсызда құрту немесе бүлдіру (ҚК 388-бап). Бөлек қылмыстар қасақана да, абайсыз да жасалынуы мүмкін, мысалы: бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау (ҚК 367-бап), жауынгершілік кезекшілікті атқарудың ережелерін бұзу (ҚК 375-бап).

Бөлек жағдайларда субъективтік жақтың қосымша сипаттары болып қылмысты жасау мақсаты мен себебі келеді, мысалы: дене мүшесіне зақым келтіру жолымен немесе өзге тәсілмен әскери қызметтен жалтару (ҚК 374-бап), жауға соғыс жүргізу құралдарын беру немесе тастап кету (ҚК 383-бап) және с.с.

Әскери қылмыстардың субъектісі арнайы, яғни әскерге шақыру бойынша не келісім шарт бойынша Қазақ-стан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа әскерлері мен әскери құрамаларында әскери қызмет атқарушы адам, осымен қатар жиындарды өтіп жатқан азаматтар.

1992 жылғы 22 желтоқсанның Қазақстан Республикасының "Қорғаныс және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері туралы" Заңының 4-

бабына сай Қарулы Күштер өзіне: әскери басқару органдарын, Қарулы Күштердің түрлерін □ құрлық әскерлерін, ауаға қарсы қорғаныс әскерлерін, әскері - ауа күштерді, тылды, әскери - құрылыс бөлімдерін, әскери-оқу орындарды кіргізеді.

Өзге әскери құрылымдары ретінде шекаралық және ішкі әскерлер, Республикалық Ұлан, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскерлері, азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен бөлімдері.

Қазақстан Республикасының ҚК Ерекше бөлімі қарастырған құқыққа қайшы әрекеттерден әскери қылмыстар екі ерекшеліктермен - сұғынушылықтың ерекше объектісімен және қылмыстың арнайы субъектісімен айырылады.

Әскери қылмыстарды соғыс уақытында немесе жауынгершілік жағдайда жасау бағалау жағдайы болып келеді және өлім жазасына дейін көтеріңкі жауапкершілікті тудырады.

Нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995ж.
2. ҚР қылмыстық кодексі. 16 шілде 1997ж.
3. Уголовный кодекс Республики Казахстан. Общая характеристика. Сравнительные таблицы/ Под ред. И.И. Рогова. 1 вып. – Алматы, 1997
4. ҚР Жоғарғы Соты Пленумы қаулылары, ҚР Жоғарғы Соты Пленумының нормативтік қаулылары (1961-2005 года)- Алматы, 2005
5. ҚР “Нормативтік құқықтық актілер туралы” заңы, 24наурыз 1998ж.
6. ҚР “Мемлекеттік шекарасы туралы” заңы, 13 қаңтар 1993ж.
7. ҚР Президентінің “Азаматтық туралы” заңы күші бар жарлығы, 20 желтоқсан 1995ж.
8. ҚР “Мемлекеттік қызмет туралы” заңы, 23 шілде 1999ж.

Негізгі әдебиеттер:

1. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. Алматы, 2000ж.
2. Алауханов Е. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. Алматы, 2001ж.
3. Уголовное право РК . Общая часть. Отв. Ред. Г.И. Баймурзин, И.И. Рогов – Алматы, 1998
4. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть Отв. Ред. И.И. Рогов, С.М. Рахметов.– Алматы, 2003
5. Поленов Г.Ф. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть- Алматы, 1997
6. Каиржанов Е.И. Уголовное право. Общая часть- Алматы, 1997
7. Наумов А.В. Российское уголовное право. Общая часть. Курс лекций. М., 1996
8. Курс уголовного права. Общая часть. Т. 1,2 / Под ред. Н.Ф. Кузнецовой, И.М. Тижковой. М., 1999

9. Комментарий к Уголовному кодексу РК. Кол. авт. /Под ред. И.И. Рогова, С.М. Рахметова.– Алматы, 1997; Указ. раб. в 2-х книгах. Книга 1 (ст ст 1-174)- Алматы, 2003
10. Комментарий к Уголовному кодексу РК. Кол. авт. КНБ РК Карагандинская высшая школа – Караганда, 1999
11. Комментарий к Уголовному кодексу. Российской Федерации / Под ред. Ю.И. Скуратова, В.М. Лебедева. – М., 1999
12. Игнатов А.Н., Красиков Ю.А. Уголовное право России. Том 2. М., 1998г. С

Қосымша әдебиеттер:

1. Джекебаев У.С. Основные принципы Уголовного права Республики Казахстан. (Сравнительный комментарий к книге Дж. Флетчера и А.В.Наумова «Основные концепции современного уголовного права») – Алматы, 2001
2. Коняхин В.П. Теоретические основы построения общей части Российского уголовного права. – СПб, 2002
3. Босхолов С.С. Основы уголовной политики. – М., 1999
4. Дурманов Н.Д. Советский уголовный закон. – М., 1967
5. Кудрявцев В.Н., Келина С.Г. Уголовный закон: опыт теоретического моделирования. – М., 1987
6. Бойцов И.К. Действие уголовного закона во времени и пространстве. – СПб, 1995
7. Лукашук И.И., Наумов К.В. Выдача обвиняемых и осужденных в международном уголовном праве. – М., 1998
8. Пионтковский А.А. Учение о преступлении. – М., 1961
9. Дурманов Н.Д. Понятие преступления. – М., 1948
10. Трайнин А.Н. Общее учение о составе преступления. – М., 1958
11. Игнатов А.Н., Костарева Т.А. Уголовная ответственность и состав преступления. – М., 1996
12. Астемиров З.А. Проблемы теории уголовной ответственности и наказания. Махачкала, 1987
13. Кудрявцев В.Н. Общая теория квалификации преступления. – М., 2001
14. Сергиевский В. Рахметов С. Квалификация преступлений. – Алматы, 1999
15. Никифоров Б.С. Объект преступления по советскому уголовному праву. – М., 1960
16. Каиржанов Е.И. Интересы трудящихся и уголовный закон. Проблемы объекта преступления. - Алма-Ата, 1973
17. Таций В.Я. Объект и предмет преступления по советскому уголовному праву. – Харьков, 1982
18. Кудрявцев В.Н. Объективная сторона преступления. – М., 1960
19. Ковалев М.И. Проблемы учения об объективной стороне преступления. – М., 1993

- 20.Малинин В.Б. Причинная связь в уголовном праве. – СПб, 2000
- 21.Дагель П.С., Котов Д.П. Субъективная сторона преступления и её установление. – Воронеж, 1974
- 22.Рарог К.И. Проблемы субъективной стороны преступления. – М., 1991
- 23.Утевский Б.С. Вина в советском уголовном праве. – М., 1950
- 24.Лазарев А.М. Субъект преступления. – М., 1981
25. Павлов В.Г. Субъект преступления. – СПб, 2001
- 26.Орымбаев Р.О. Специальный субъект преступления. – Алма-Ата, 1977
- 27.Михеев Р.И. Проблемы вменяемости и невменяемости в советском уголовном праве. – Владивосток, 1983
- 28.Назаренко Г.В. Невменяемость. – СПб, 2002
- 29.Кузнецова Н.Ф. Ответственность за приготовление к преступлению по советскому уголовному праву. – М., 1958
- 30.Козлов А.П. Неоконченное преступление. - СПб, 2002
- 31.Бурчак Ф.Г. Соучастие: социальные, криминологические, правовые проблемы. – Киев, 1986
- 32.Трайнин А.И. Учение о соучастии. – М., 1971
- 33.Ковалев М.И. Соучастие в преступлении. Ч.1,2. – Свердловск, 1960, 1962
- 34.Джекебаев У.С. , Вайсберг Л.М., Судакова Р.Н. Соучастие в преступлении: криминологические и уголовно-правовые проблемы. – Алма-Ата, 1982
- 35.Малков В.П., Тимершин Х.А. Множественность преступлений. – Уфа, 1995
- 36.Баулин Ю.В. Обстоятельства, исключающие преступность деяния. – Харьков, 1991
- 37.Рахметов С., Турецкий Н. Необходимая оборона. – Алматы, 1996
- 38.Халиков К.Х. Необходимая оборона по советскому уголовному праву . – Алма-Ата, 1970
- 39.Карпец И.И. Наказание: социальные, криминологические, правовые проблемы. – М., 1973
40. Джекебаев У.С. и др. Криминологические и уголовно-правовые проблемы наказания. – Алма-Ата, 1983
- 41.Поленов Г.Ф. Назначение наказания. – Алматы, 1998
- 42.Ендольцева А.В. Институт освобождения от уголовной ответственности. – М., 2004